



«QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның 2022 жылға арналған

Жылдық есебі

2022



Астана қ., 2023 ж.

Мазмұны

1-бөлім. Компания туралы	3
2-бөлім. Басшының үндеуі	9
3-бөлім. Өткен жылғы негізгі оқиғалар	14
4-бөлім. Негізгі бағыттар бойынша қызмет нәтижелері	15
5-бөлім. 2023 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер	25
6-бөлім. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	25
7-бөлім. Корпоративтік басқару	29
8-бөлім. Тұрақты даму	47
9-бөлім. Экологиялық саясат	52
Байланыс ақпараты	54
1-қосымша. Есеп туралы	55
2-қосымша. Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есептілік	56

1-бөлім. Компания туралы

«QazExpoCongress» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысымен құрылды.

Компания қызметінің негізгі мәні Астана қаласында ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі – ЭКСПО-2017) ұйымдастыру және өткізу, халықаралық мамандандырылған көрме аумағын көрмеден кейін пайдалану, сондай-ақ халықаралық көрмелерге қатысу болып айқындалды.

«Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын» «QazExpoCongress» «Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына қайта атау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 955 қаулысына сәйкес «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ 2020 жылғы 18 ақпанда «QazExpoCongress» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Компания) болып қайта тіркелді.

Компанияның толық атауы мемлекеттік тілде – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы («QazExpoCongress» ҰК» АҚ), орыс тілінде - Акционерное общество «Национальная компания «QazExpoCongress» (АО «НК «QazExpoCongress»), ағылшын тілінде - «QazExpoCongress» National company» Joint Stock Company («QazExpoCongress» NC» JSC).

Компанияның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат 55/13.

Компанияның негізгі қызметі:

- халықаралық көрмелерге, оның ішінде 1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы Конвенцияда көзделген көрмелерге қатысу;
- Компанияның меншікті мүлкін жалға беру және басқару арқылы халықаралық мамандандырылған көрме аумағын көрмеден кейін пайдалану;
- Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде конгресс-көрмелік, сауда-көрмелік іс-шаралар өткізу және ұйымдастыру;
- «Нұр - Әлем» сферасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Даму жоспары

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның 2015-2024 жылдарға арналған даму жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі қаулысымен бекітілген.

ЭКСПО-2017 көрмесінің сәтті аяқталуына және қойылған міндеттердің іске асырылуына байланысты Компания ЭКСПО-2017 мұра объектілерін пайдалануға және дамытуға шоғырланған, Компания қызметінің негізгі бағыттары өзгертілген.

Осыған байланысты, 2019 жылғы 13 тамыз, 2020 жылғы 4 маусым, 2021 жылғы 30 желтоқсан, 2022 жылғы 27 сәуірде «QazExpoCongress» ҰК» АҚ - ның 2015-2024 жылдарға арналған даму жоспарына өзгерістер енгізілді.

Компания тарихындағы маңызды кезеңдер

2013 жылғы 15 қаңтар

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы қаулысымен «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ құрылды.

2017 жылғы 10 маусымнан бастап 10 қыркүйекке дейін

- Астана қаласында «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін табысты өткізу.

2017 жылғы 13 шілде

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 13 шілдедегі тапсырмасымен «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының ЭКСПО-2020 Дубай Дүниежүзілік көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі жауапты орган болып тағайындалды.

2018 жылғы 4 сәуір

- ЭКСПО-2017 мұра объектілерін қайта жаңарту жүргізілетін Көрме объектілерін көрмеден кейін пайдалану тұжырымдамасы мақұлданды.

2020 жылғы 18 ақпан

- «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ-ны «Qazexpocongress» ҰК» АҚ етіп қайта тіркеу.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап

- Компания Мәскеу қаласындағы ХШЖК аумағында «Қазақстан» павильонын басқаратын «Қазақстан» Сауда - көрмелік орталығы» корпоративтік қорының жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

2021 жылғы сәуірде

- UFI Дүниежүзілік Көрме индустриясы қауымдастығының құрамына кіру.

2021 жылғы 1 қазаннан 2022 жылғы 31 наурызға дейін

- Қазақстан Республикасының ЭКСПО-2020 Дубай Дүниежүзілік көрмесіне қатысуы.

2022 жылғы 30 наурызда

- Expo Awards марапаттау рәсімі өтіп, Exhibitor Magazine халықаралық журналының нұсқасы бойынша ҚР Ұлттық павильоны «Көрме тақырыбын ашу» бас номинациясында 2-орын, «Үздік презентация» номинациясында 1-орын, «Үздік павильон» номинациясында 3-орын алды.

Миссия

Қазақстанда қаржы, білім беру, конгресс-көрмелік, инновациялық қызмет саласындағы озық тәжірибелерді ілгерілететін заманауи іскерлік кеңістік құру және сауда инфрақұрылымын дамыту.

Пайым

Тауар өткізу жүйесі мен бизнестің табысты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылым мен қызметтерді ұсынатын икемді басқару жүйесі бар клиентке бағдарланған ұйым.

Қызмет бағыттары

Даму жоспарының миссиясы мен пайымына сүйене отырып, Компанияны одан әрі дамытудың мынадай 6 стратегиялық бағыты айқындалады:

- сервистік қызметтерді коммерцияландыруды қоса алғанда, объектілер мен мүліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ККМ өткізу және халықаралық іс - шараларға қатысу;
- «Нұр-Әлем» сферасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- инвестициялық жобаларды іске асыру;
- Компанияның орнықты дамуы;
- сауда-экономикалық ынтымақтастық орталықтарын құру, дамыту және инфрақұрылымын басқару.

Объектілердің қызмет етуін қамтамасыз ету және мүлікті пайдалану Компанияның негізгі активтерінің сипатынан және ЭКСПО-2017 объектілерін көрмеден кейін пайдалану тұжырымдамасынан туындайтын қызметтің негізгі бағыты болып табылады.

Конгресс-көрмелік іс - шаралар өткізу, оның ішінде халықаралық іс-шараларға қатысу - экономиканы, қазақстандық бизнесті дамытуды қолдайтын, жаңа инвесторлар мен технологиялық әріптестерді тартатын, жаңа экономиканың әртүрлі қатысушылары арасында байланыстар қалыптастыратын, мемлекет іс-қимылының ашықтығы және экономикалық қызметтің қазіргі және жаңа қатысушыларының Қазақстанда бизнес жүргізу мүмкіндіктері мен шарттары туралы хабардар болуы тұрғысынан қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін бағыт.

«Нұр-Әлем» сферасы – Көрме мұрасының аса маңызды нысаны, Астана қаласының жаңа іскерлік орталығының символы. Оның табысты жұмыс істеуі ЭКСПО инфрақұрылымын дамыту басымдықтарының бірі болып табылады.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру – Компанияның қолданыстағы активтерінің әлеуетін іске асыратын бағыт.

Орнықты даму – Компанияда бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын енгізуге және инновациялық әлеуетті арттыруға, экономикалық өсуге және экологиялық, сондай-ақ әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз етуге ықпал ететін бағыт.

Аталған стратегиялық бағыттар Компания стратегиясының алдыңғы нұсқасында көзделген екі стратегиялық бағыттың екіншісін дамытуды білдіреді, атап айтқанда «Астана қаласы мен Қазақстанның дамуы мүддесінде ЭКСПО-2017 мұрасының материалдық, технологиялық және басқа да құрамдас бөліктерін барынша тиімді пайдалануды және дамытуды қамтамасыз ету».

Бұл ретте өңірдегі экономикалық қызметті ынталандыратын жаңа іскерлік орталық құру жөніндегі негізгі міндет орындалғанын атап өткен жөн. EXPO іскерлік орталығының аумағында жалпы ауданы 530 мың шаршы метрден асатын 16 ғимарат бар. Барлық ғимараттар 100% жалға алушылармен толтырылған, резиденттер саны 15 мың адамнан асады.

Зәкірлі жалға алушыларды орналастыруға алаңдар ұсыну мемлекеттің стратегиялық бастамаларын іске асырудың элементі болып табылады, өйткені «Астана» Халықаралық қаржы орталығы, Astana Hub, IT–университет қаржы секторын, инновациялық бағыттарды және цифрландыруды, сондай-ақ осы бағыттардағы адами капиталды дамытатын нақты бастамаларды білдіреді.

Сонымен қатар, кешен аумағында Цифрлық үкімет кеңсесі орналасқан,

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі.

Сондай-ақ, объектілер қатарында «А» класындағы заманауи бизнес-орталық бар, онда АХҚО резиденттері, даму институттары, білім беру саласындағы кәсіпорындар сияқты 25 компания және өзге де жалға алушылар орналасқан.

Қолданыстағы жеңілдікті жалға алушыларды және ЭКСПО Іскерлік орталығы объектілерінің толықтай қамтылғанын ескере отырып, Компания қызметтің осы бағыты бойынша табыстың ең жоғары деңгейіне қол жеткізуде.


Бұдан басқа, Компания қызметінің маңызды бағыттарының бірі Мәскеу қаласындағы ХШЖК-да орналасқан «Қазақстан» Сауда-көрме орталығын басқару болып табылады.

Дубай қаласында өткен ЭКСПО-2020 Дүниежүзілік көрмесінің аяқталу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Сауда үйін толық техникалық жарақтандырумен және көрме және контент жабдықтарын ішінара сақтай отырып, БАӘ-де кейіннен орналастыру үшін қазақстандық павильон ғимаратын реконструкциялау қажеттігі туралы шешім қабылданғанын айта кету керек. Сонымен қатар, контентті жаңарту және келушілерді тарту үшін қазақстандық павильон инсталляциясының басқа бөлігін Мәскеу қаласындағы «Қазақстан» СКО павильонына және Астана қаласының «Нұр-Әлем» сферасындағы Болашақ энергиясы мұражайына көшіру жоспарланған.

Компанияның даму перспективалары салауатты экономика құруды, адам әлеуетін дамытуды және жаңашыл трендтерді ұстануды айқындайтын мемлекеттік стратегиялық бағыттарға сәйкес келеді. Жаңа іскерлік орталықты дамыту тұжырымдамасы осы міндеттерді шешуге бағытталған.

«Нұр-Әлем» сферасының жұмыс істеуі адамдарды жаңа экономика мен жасыл энергетика жағдайларына бейімдеу бағытында адам әлеуетін дамытумен тікелей байланысты.

Конгресс-көрмелік іс-шаралар, оның ішінде халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу экономиканы, қазақстандық бизнесті дамытуды қолдауға, жаңа инвесторлар мен технологиялық әріптестерді тартуға, жаңа экономиканың әртүрлі қатысушылары арасында байланыстар қалыптастыруға, мемлекет іс-қимылының ашықтығы тұрғысынан қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге және экономикалық қызметтің қазіргі және жаңа қатысушыларын Қазақстанда бизнес жүргізу мүмкіндіктері мен шарттары туралы хабардар етуге арналған. Бұл мақсаттар мемлекеттік стратегиялық бастамаларға да сәйкес келеді.



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

Басқарма Хатшысы

Ақпараттық қауіпсіздік қызметі

Басқарма Төрағасының
Бірінші орынбасары

Конгресс-көрмелік іс-
шаралар департаменті

Жасампаз шешімдер
департаменті

Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау департаменті

Басқарма
Төрағасының
Орынбасары

Ұйымдастыру - кадр жұмысы
департаменті

Құқықтық қамтамасыз ету
департаменті

Экономика және
бюджеттік жоспарлау
департаменті

Бухгалтерлік есеп және
есептілік
департаменті

Корпоративтік басқару
және тәуекелдер менеджменті қызметі

Басқарма
Төрағасының
Орынбасары

«QazExpoCongress» құрылысы
дирекциясы» филиалы

Ақпараттық
технологиялар департаменті

Орталықтандырылған сатып алуды
бақылау қызметі

Ішкі аудит қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызмет

Корпоративтік хатшы

Басқарма Төрағасының
Орынбасары

Сауда-экономикалық
ынтымақтастық
орталықтарын құру және
инфрақұрылымын басқару
жөніндегі жобалау кеңсесі

Басқарушы директор

Сатып алу департаменті

Коммерцияландыру
департаменті

*«QazExpoCongress» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
Төрағасы
Серік Мақашұлы Жұманғариннің үндеуі*



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес 2019 жылғы желтоқсаннан бастап «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің қарамағына берілді.

QazExpoCongress қызметінің негізгі бағыттары имидждік іс-шаралар санын ұлғайту, инфрақұрылымды жақсарту, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, халықаралық іс-шаралар ұйымдастыру, орынжайларды жалға беру есебінен компания пайдасын ұлғайту болып табылады.

Объектілерді көрмеден кейін пайдаланудың бекітілген тұжырымдамасына сәйкес EXPO Іскерлік орталығының аумағында «Астана» Халықаралық қаржы орталығы, Astana Hub Халықаралық IT-стартаптар технопаркі және Astana IT University, Цифрлық үкімет кеңесі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Бизнес-орталық орналасқан. Жалға берілетін барлық қолданыстағы объектілер 100% қамтылған.

Республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі іс-шараларды ұйымдастыру үшін өз алаңдарын ұсынатын EXPO Халықаралық көрме орталығы, Конгресс-орталық және Болашақ энергиясы мұражайы белсенді қызмет етуде. Мұнда фестивальдар, көрмелер, форумдар, іскерлік кездесулер, ойын-сауық және мәдени іс-шаралар өткізіледі.

EXPO-ның жазғы сахнасында әр демалыс сайын шеберлік сабақтары, музыканттар мен әртістердің қойылымдары, фотокөрмелер, спорттық іс-шаралар, кинофильмдер көрсетілімі және т.б. өткізіледі.

Сонымен қатар, EXPO аумағында көптеген елордалық бұқаралық іс-шаралар – Наурыз мейрамы, Астана күні, жаңа жылдық мерекелер және т.б. өткізіледі. Көптеген қазақстандықтар үшін EXPO аумағы көңілді уақыт өткізетін сүйікті орынға айналды.

EXPO аумағын қоғамдық кеңістік ретінде дамытуға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан ерекше назар аударылатынын атап өткен жөн.

EXPO аумағы елордамыздың ажырамас бөлігіне және Қазақстанның экономикалық, білім беру және мәдени салаларын дамытудағы маңызды факторға айналды. Сонымен қатар, бүгінде ол кәсіпкерлерді ғана емес, зияткерлік ресурстар, шығармашылық идеялар да тартады.

Компания қызметінің негізгі бағыттарының бірі халықаралық іс-шараларға қатысу болып табылады. Қазақстанның EXPO 2020 Dubai Дүниежүзілік көрмесіне қатысуына қатысты Компанияның маңызды міндеті сәтті орындалғанын айта кету керек.

Мәскеу қаласындағы ХШЖК-да 2021 жылдың соңында ауқымды қайта құрудан кейін ашылған «Қазақстан» павильоны қысқа уақыт ішінде өте танымал болды және көрме аумағында халықтың ең көп баратын 10 павильоны қатарына енді. 2022 жылы павильонға 837 мыңнан астам адам келді.

Имидждік іс-шаралар өткізуге де ерекше назар аударылады. 2022 жылы EXPO Іскерлік орталығы объектілерінің алаңдарында 80-ге жуық іс-шара өткізіліп, жалпы кірісі шамамен 589 млн.теңгені құрады.

Жалпы, 2022 жылғы нәтижелер «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы EXPO іскерлік орталығын басқаруда және дамытуда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізгенін көрсетті.

2023 жылы Компания EXPO-2017 мұра объектілерін және Дубай қаласындағы қазақстандық павильонды қайта жаңартуды жалғастырады, сондай-ақ барлық күш-жігерін Астана Халықаралық форумын (AIF) дайындауға және өткізуге, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және компания пайдасын ұлғайтуға бағыттайды.

Басшылыққа Компанияны тиімді басқарғаны үшін, ұжымға Компанияның орнықты жұмысына қосқан зор үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма
Төрағасы Аллен Сержанұлы
Чайжунусовтың үндеуі



Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Соңғы жылдары EXPO іскерлік орталығының аумағы елеулі өзгерістерге ұшырап, Астананың жаңа іскерлік орталығына айналды.

EXPO аумағының жалпы ауданы 530 мың шаршы метрден асады, ал резиденттер саны 15 мың адамды құрайды. Мұнда «Астана» Халықаралық қаржы орталығы, Astana Hub Халықаралық IT-стартаптар технопаркі және Astana IT University, Цифрлық үкімет кеңсесі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Бизнес-орталық орналасқан.

EXPO Халықаралық көрме орталығы мен Конгресс Орталығы ірі іс-шаралар өткізудің негізгі алаңына айналды және жылына орта есеппен 300 күннен астам уақыт жұмыс істейді. Мысалы, ХКО-да AgriTex/FarmTekAstana 2022 Халықаралық көрмесі, Eurasian Book Fair V Еуразиялық халықаралық кітап көрмесі-жәрмеңкесі, Automechanika Astana авто бөлшектер мен автосервис көрмесі, KIOSH 2022 Халықаралық көрмесі, Digital Bridge Халықаралық технологиялық форумы, KazAgro / KazFarm-2022 Халықаралық аграрлық көрмесі және басқалары сияқты 30 іс-шара өткізілді.

Конгресс орталығында 48 іс-шара өтті. Олардың ішінде - әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінің отырысы,

VIII Халықаралық қауіпсіздік конференциясының көрмесі

Kazakhstan Security Systems, Shanyraq бизнес-форумы, республикалық педагог қызметкерлердің тамыз конференциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығын табыстау және «Қазақстанның Үздік Тауары» республикалық көрме-конкурсының дипломанттарын марапаттау рәсімі, сондай-ақ Райым мен Саддрадин, Молданазар, Мархаб Саби, Mona Songz, Skryptonite, ресейлік әзіл-сықақ әртісі Чебаткова Е. А., VSXA Prince (Асха Ханзада) танымал әртістерінің концерттері, Queen Марк Мартел трибьют шоуы және Ninety One, «Ночные снайперы», «Ялла» және «Машина времени» топтарының концерттері және т. б.

Қатысушылар мен қонақтар жоғары бағалайтын қоғам өткізетін іс-шаралар ерекше маңызға ие. Мысалы, әр демалыс сайын open air – іс-шаралар мен концерттер өткізіледі, «Kids EXPO Балалар әлемі» балалар тауарлары жәрмеңкесі 80 мыңнан астам келуші тартты, 2022 жылдың желтоқсанында өткен «Жаңа жыл Fest» мерекелік жәрмеңкесіне Астанадан ғана емес, Қазақстанның түрлі өңірлерінен 200-ден астам шағын және орта бизнес өкілдері, қолөнершілер мен хендмейдерлер жиналды.

2022 жылы Қазақстан Республикасының Дубай қаласындағы EXPO 2020 Дүниежүзілік көрмесіне табысты қатысуы қамтамасыз етілді, оның қорытындысы бойынша Қазақстан павильоны ең танымал 10 павильон қатарына кірді және World EXPO Awards беделді сыйлығында 192 қатысушы ел арасында екінші орынды иеленді. Сондай-ақ, Қазақстан павильоны «Үздік презентация» номинациясында бірінші орынды және Exhibitor Magazine беделді халықаралық журналының нұсқасы бойынша «Үздік павильон» номинациясында үшінші орынды иеленді.

2022 жылды қорытындылай келе, ұлттық компания менеджментіне адал және тиімді жұмысы үшін, ұжымға - күнделікті орнықты жұмысқа баға жетпес үлес қосқаны үшін, серіктестерге - біздің даму мен өсуге деген ортақ ұмтылысымызға сенім мен қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіргім келеді!

3-бөлім. Өткен жылғы негізгі оқиғалар

Қазақстанның EXPO 2020 Dubai Дүниежүзілік көрмесіне қатысуына қатысты Компанияның маңызды міндеті сәтті орындалды. ҚР Ұлттық павильонына 1.6 млн-нан астам адам және 1100 ресми делегация келді. Павильон алаңында 51 іскерлік және мәдени іс-шара өтті, оның қорытындысы бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында 16 келісім мен меморандум жасалды. Ұлттық павильон лайығымен ең танымал 10 павильон қатарына кірді.

Негізгі корпоративтік оқиғалар:

20 ақпанда ҚР Ұлттық павильоны миллионыншы келушіні;
27 наурызда бір жарым миллионыншы келушіні қабылдап, олар ұшу мен тұру, экскурсиялар, сондай-ақ естелік кәдесыйлар кіретін, екі адамға арналған Қазақстанға туристік сапар сертификаттарымен марапатталды.

30 наурызда Expo Awards марапаттау рәсімі өткізіліп, онда ҚР Ұлттық павильоны «Көрме тақырыбын ашу» бас номинациясында 2-орын,
«Үздік презентация» номинациясында 1-орын,
Exhibitor Magazine халықаралық журналының нұсқасы бойынша «Үздік павильон» номинациясында 3-орын алды.

ЭКСПО-2020 Дубай Комиссарлар алқасының Басқарушы комитетінің 3 отырысына қатысу қамтамасыз етілді

2022 жылғы 27 сәуірде Компанияның 2015-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

15-18 маусым аралығында XXV мерейтойлық Санкт Петербург Халықаралық экономикалық форумына қатысу қамтамасыз етілді

2022 жылғы 17-21 тамыз аралығында ХКО-да «Kids EXPO. Балалар әлемі» балалар тауарларының көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды;

2022 жылғы 17-19 желтоқсан аралығында EXPO ХКО-да «Жаңа жыл Fest» жаңа жылдық жәрмеңкесі өтті

Сауда-экономикалық ынтымақтастық бойынша 4 Үкіметаралық комиссия ұйымдастырылды:

- 1-ші отырыс Алматы қаласында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасында (15-16 ақпан);
- 17-ші отырыс Астана қаласында Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасында (8-10 маусым);
- 18-ші отырыс Астана қаласында Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында (4-5 шілде);

- 9-шы отырыс Қазақстан Республикасы мен Израиль арасында (10-12 шілде)

4-бөлім. Негізгі бағыттар бойынша қызмет нәтижесі


2022 жылы жаңа іскерлік орталықтың келбетін қалыптастыру және жаңарту жұмыстары жалғасты.

Объектілерді қайта құру.

2022 жылы «С3.6 павильоны «Astana Hub» IT-стартаптар Халықаралық технопаркінің ғимаратын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне арнап қайта құру (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау)» объектісі бойынша қайта құру жүргізілді.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 07 ақпандағы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің «ЭКСПО-орталық» аумағында С3. 6 блогында Орталық аппарат қызметкерлерін мемлекеттік органдардың жұмыс істеу талаптарына сәйкес келтіру қажеттігі туралы белгімен орналастыру жөніндегі сұрау салуын қанағаттандыру туралы қарарына сәйкес, С3.6 павильонын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін орналастыруға арнап қайта құру жүргізілді.

*Объектінің жалпы ауданы – 2,7 мың м².
Құрылыс-монтаж жұмыстары мерзімінде аяқталды.
Объектіні пайдалануға қабылдау актісі 30.12.2022 ж.*



2023 жылда Филиалға мынадай міндеттер қойылған – ЭКСПО-2017 мұра объектілерін реконструкциялау бойынша жоспарланған жұмыстарды уақтылы, сапалы және толық көлемде аяқтау.



Компанияның халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету

Павильонды мазмұндық толтыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық павильоны 3 қабаттан, 2 қабатта орналасқан 4 көрме аймағынан тұрды. Павильонның ауданы – 3 400 ш. м.

ҚР павильонының контенті көрменің «Ақыл-ойды біріктіріп, болашақты құру» тақырыбын толық ашып, келушілерді табиғатпен, тарихпен, мәдениетпен, дәстүрлермен, сондай-ақ ел дамуының перспективалық жобаларымен таныстыратын саяхат ұсынды. Павильонның мазмұны ҚР туристік және инвестициялық әлеуетін де көрсетті. Бұдан басқа, павильонда адам мен жасанды интеллекттің байланысын баяндайтын акробатика және робототехника элементтері бар «Unlimited space» финалдық шоуы ұсынылды.

Павильонның операциялық қызметін қамтамасыз ету

EXPO 2020 Dubai Дүниежүзілік көрмесінде қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық павильонының іскерлік бағдарламасын іске асыру барысында 18-ге жуық іс-шара, оның ішінде Қазақстанның БАӘ-дегі Елшілігімен бірлесіп, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Түркістан облысының әкімдігі ұйымдастырған Түркістан облысы күндері, Ақтөбе облысының әкімі бастаған өңірдің бизнес-субъектілерінің өкілдерінен тұратын делегация, сондай-ақ БАӘ бизнес қоғамдастығының өкілдері қатысқан Ақтөбе облысы күндері өткізілді.

Бұдан басқа, мәдени бағдарлама аясында «Ақжелең» және «Тарлан» этно-фольклорлық ансамбльдері, сондай-ақ «Орда» және «Наз» би ансамбльдері әртістерінің қатысуымен Наурыз мейрамы тойланды.

2022 жылғы 31 наурызда көрмеде ҚР павильонының ресми жабылуы өткізіліп, оның аясында Павильонға келушілер үшін мәдени-ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, жарты миллионшыл, миллионшыл және бір жарым миллионшыл келуші ұшу, тұру және түрлі экскурсиялар, сондай-ақ естелік кәдесыйлар кіретін, екі адамға арналған Қазақстанға туристік сапарлармен марапатталды.





2 ақпанда Expo 2020 Dubai Дүниежүзілік көрмесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық павильонында ұсынылған «Әлем бейнесі» арт-жобасы Гиннестің рекордтар кітабының сертификатына ие болды. Сертификатты салтанатты табыстау рәсімі Қазақстанның ұлттық павильоны сахнасында өтті.

Көрмені өткізудің барлық кезеңінде павильонды ілгерілету аясында EXPO 2020 Dubai Ұйымдастыру комитетімен және аккредиттелген БАҚ-пен белсенді жұмыс жүргізілді. Апта сайын аккредиттелген БАҚ үшін павильон бойынша турлар өткізілді, павильонның фото және бейнетүсірілімі жүргізілді, спикерлермен сұхбат жүргізілді, павильонның қызметі мен іс-шаралары туралы пресс-анонстар мен пресс-релиздер таратылды.

Халықаралық ынтымақтастық. ХКБ-мен өзара іс-қимыл


2022 жыл ішінде Компания ЭКСПО-2020 Дубай Комиссарлар алқасының үш отырысына қатысты. Отырыс барысында Халықаралық көрме қатысушыларының Бас комиссарлары Көрмені өткізу кезеңінде аумақты операциялық басқаруды (covid - менеджмент, Ұйымдастырушының келушілер саны бойынша сценарийлері, жоспарланған іс-шаралар бойынша ақпарат), Көрменің жабылу апталығын (арнайы іс-шаралар, Жабылу рәсімі, ХКБ күні, Билеттеу стратегиясы), бөлшектеу процестерін (аккредиттеу жүйесі және 1 сәуірден бастап аумаққа кіру, адамдарды тасымалдау, қатысушы елдердің шығу мерзімі), маркетингі, коммуникацияларды, БАҚ-та жариялауды қоса алғанда Көрме бағыттары бойынша сұрақтар мен ұсыныстар спектрін айқындады.

ЭКСПО-2020 Дубайдағы ҚР павильонының қызметін ақпараттық жария ету

EXPO 2020 Dubai көрмесінде Қазақстандық павильонның қызметін маркетингтік ілгерілету аясында Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде ресми аккаунттарды жүргізу бойынша жұмыс жүргізілді. Бұдан басқа, Қоғамның әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook, Twitter) ресми аккаунттарында 36 хабарлама жарияланды, Қоғамның ресми сайтында 12 материал орналастырылды.

Сонымен қатар, Наурыз мейрамын мерекелеуге орай халықаралық БАҚ өкілдері үшін пресс-тур ұйымдастырылып, оған Al Bayan, Al Ittihad, Al Khaleej, Emirates News Agency (WAM), Gulf News Emarat Al Youm, Gulf Today, Khaleej Times, 24News және басқалары сияқты БАҚ қатысты. Сондай-ақ, павильонның жабылу салтанатына республикалық БАҚ өкілдері үшін пресс-тур ұйымдастырылып, оған Qazaqstan, «Хабар 24», КТК, телеарналары, «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», баспа басылымдары, Forbes.kz, Inform.kz, Informburo.kz, Tengrinews.kz, Zakon.kz. интернет-порталдары қатысты.

Көрмені өткізудің барлық кезеңінде павильонды ілгерілету аясында EXPO 2020 Dubai Ұйымдастыру комитетімен және аккредиттелген БАҚ-пен белсенді жұмыс жүргізілді. Апта сайын аккредиттелген БАҚ үшін павильон бойынша турлар өткізілді, павильонның фото және бейнетүсірілімі жүргізілді, спикерлермен сұхбат жүргізілді, павильонның қызметі мен іс-шаралары туралы пресс-анонстар мен пресс-релиздер таратылды.



ЭКСПО-2020 Дубай көрмесінің қорытындысы

Қазақстандық павильон қорытынды саны 1 млн.617 мың адам, сондай-ақ 1100-ге жуық ресми шетелдік делегация барған Дүниежүзілік көрменің келушісі ең көп 10 объектісі қатарына кірді. Күн сайын павильонға орта есеппен 9 мың адам келді.

Халықаралық көрмелер бюросының номинациясында EXPO Awards аясында EXPO 2020 Dubai Дүниежүзілік көрмесі қорытындыланып, салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Қазақстан Республикасының Ұлттық павильоны әлемнің 192 елі арасында екінші орынға ие болып, "Көрме тақырыбын ашу" бас номинациясы бойынша күміс жүлдеге ие болды.

Бұдан басқа, Қазақстан павильоны ашық дауыс беру барысында «Best Presentation» номинациясында бірінші орын және «Exhibitor Magazine» американдық журналының нұсқасы бойынша «Best Pavilion» номинациясында үшінші орын алды.



Мәскеу қаласының ХШЖК-дағы «Қазақстан» сауда-көрме орталығы»

ХШЖК-дағы "Қазақстан" павильоны ауқымды қайта құрудан кейін 2021 жылдың соңында ашылды. Жұмыс нәтижелері бойынша Павильонның тарихи келбеті қалпына келтіріліп, жаңа ғимарат салу арқылы алаң ұлғайтылды.

Бүгінгі таңда «Қазақстан» павильоны өте танымал және РФ Мәскеу қаласындағы ХШЖК аумағында келушілер ең көп баратын 10 павильон қатарына кіреді (анықтама: 2022 жыл ішінде Павильонға 837 мыңнан астам адам, ал 2023 жылдың 1 қаңтары мен 16 ақпаны аралығында 116 мыңға жуық адам келді).



2022 жылы 27 іс-шара өткізілді, оның ішінде 11 іс-шара коммерциялық негізде өтті, коммерциялық негіздегі іс-шаралардан түскен табыс 4 094 386,00 теңгені құрады.

2023 жылы 76 іс-шара өткізу жоспарланған, оның ішінде 50 іс-шара коммерциялық негізде өткізілетін болады.


«Нұр-Әлем» Сферасының іс-шараларын ұйымдастыру және қызметін қамтамасыз ету

2022 жылы NUR ALEM Сферасы алаңында: ғылыми-өндірістік конференция, «Ректорлар мектебі» іс-шарасы, «Astana Finance Days» халықаралық форумын өткізу аясында салтанатты қабылдау және «AMANAT» партиясы республикалық штабының ІТ мамандармен кездесуі, «Қазақстандағы шағын сән апталығы» іс-шаралары ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, жыл бойы мұражайда «Smart Format» шығармашылық орталығы тәрбиеленушілерінің қатысуымен 5 мәдени-ойын-сауық және білім беру іс-шаралары өтті.

«Нұр Әлем» Сферасының контентін ұдайы жаңарту аясында бірегей ұлттық зергерлік бұйымдар мен халық-қолданбалы өнер бұйымдары коллекциясының, оның ішінде Б.Төлегеннің жеке коллекциясынан шыққан, тиісті түрде безендірілген Көшпенділер тұрғынжайы – киіз үйдің көрмесін өткізу қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, ЭКСПО іскерлік орталығының аумағындағы жазғы сахнада 13 концерт, «EXPO CAMP» алаңында 63 іс-шара және Алматы қаласында 1 көшпелі іс-шара өткізілді.



Конгресс-орталық, «EXPO» Халықаралық көрме орталығы

2022 жылы EXPO іскерлік орталығы объектілерінің алаңдарында 80-ге жуық іс-шара өткізілді, оның ішінде:

- EXPO ХКО-да – 30-ға жуық іс-шара (AgriTex/FarmTekAstana 2022 Халықаралық көрмесі, «Eurasian Book Fair» V Еуразиялық Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі, «Automechanika Astana» авто бөлшектер мен автосервис көрмесі, «KIOSH 2022» Халықаралық көрмесі, «Astana Build 2022» көрмесі, «Powerexpo Astana 2022» көрмесі, Қазақстандық «Тамақ өнеркәсібі»: «InterFood Astana 2022» халықаралық көрмесі, Qazakhstan Life Fest, «Өңдеу өнеркәсібі апталығы» Халықаралық өнеркәсіптік көрмесі, Қазақстан машина жасаушылар форумы, «Qazaqstan Live Fest» көрмесі, «Digital Bridge» Халықаралық технологиялық форумы, «Аманат» партиясының съезі, «Қазақстанның үздік тауары» көрмесі, «KazAgro/KazFarm-2022» Халықаралық аграрлық көрмесі, «Halal» көрмесі

Expo 2022», «Airport Expo 2022» Халықаралық көрмесі, «Gaudeamus» Халықаралық білім беру көрмесі, «AstanaZdorovie 2022» көрмесі, «Ару» 38-ші халықаралық зергерлік көрмесі, XIII Қысқы қайырымдылық балы дебютанттарының кастингі, «KazAvtodor-Kaztraffic» көрмесі, «United Property Expo» халықаралық шетелдік жылжымайтын мүлік көрмесі, «Worlds Skills Kazakhstan 2022» Республикалық кәсіби шеберлік байқауы);

- Конгресс-орталықта - 48 іс-шара (ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысы (МБК ТМД) және «ЦА5+РФ» саммиті, Нұр-Сұлтан қаласында ТМД Экономикалық кеңесінің 94-ші отырысы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары VII съезінің отырысы, «AMANAT» партиясының съезі, Астана қаласында MICE туризмін дамыту аясында World Cube Association кубингі бойынша Азия чемпионаты, Қазақстан Республикасының «Атамекен» ҰКП съезі, ҚР ҰКП кезектен тыс съезі, «Kazakhstan Security Systems» VIII Халықаралық қауіпсіздік конференциясының көрмесі, форум Еуразиялық КЖ/ТҚҚК (кірісті жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес) тобының форумы, «Оқыту, тәрбиелеу, сүю: Қазақстандағы балалар жылы» XIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Қазақстанның машина жасаушылар форумы, Алматы қаласындағы чирлидинг федерациясының спорттық іс-шарасы, «Dream Way Cup 2022» спорттық билер турнирі, Бодибилдинг бойынша әлем чемпионы, «iQamal» қауымдастығының ТКШ форумы, Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) кеңесінің отырысы, «Balance» шығармашылық студиясының «Баланс Кубогы 2022» іс-шарасы, «Ұлт салауаты - өркендеу негізі» ұлттық саммиті» конференциясы, «Қазақ халқына» қорының отырысы, «IQanat» олимпиадасының марапаттау және жабылу рәсімі, «Shanyraq» бизнес-форумы, Республикалық педагог қызметкерлерінің тамыз конференциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығы және «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының дипломанттарын марапаттау, «РУХТАСТАР» жастар сыйлығы, сондай-ақ, Раима және Саддрадин, Молданазар, Мархаба Саби, Mona Songz, Skryptonite, ресейлік әзіл-сықақшы Чебаткова Е. А., VSXA Prince (Асха Ханзада) әртістерінің концерттері, Марк Мартелдің «Queen» трибьют шоуының қойылымы мен «Ninety One», «Ночные снайперы», «Ялла» және «Машина времени» топтарының концерттері.

Сондай-ақ, 2022 жылы «EXPO» ХКО алаңында Қоғам өзінің екі іс-шарасын өткізді.

2022 жылғы 17-21 тамыз аралығында Балалар жылы аясында «Kids EXPO. Балалар әлемі» балалар тауарларының алғашқы көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылып, оған 80 мың адам келді.

17-19 желтоқсан аралығында «Жаңа жыл Fest» жаңа жылдық жәрмеңкесі өтті. Іс-шараға 200-ден астам кәсіпкер, оның ішінде 100-ден астам қолөнерші мен хендмейдер қатысты. Жәрмеңкеге үш күн ішінде елорданың 26 мыңға жуық тұрғыны мен қонағы келді.

«Нұр-Әлем» Сферасының қызметін ақпараттық жариялау және ілгерілету

Келушілерді NUR ALEM Болашақ энергиясы мұражайына тарту мақсатында Қоғам осы объектіні PR және маркетингтік ілгерілету бойынша жұмыс жүргізді. БАҚ-та 20 жуық материал, ресми сайтта 15 материал, әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Twitter) 200-ден астам хабарлама жарияланды.

Компанияның қызметі мен іс-шараларын ақпараттық жариялау

Қоғамның қызметі мен объектілерін маркетингтік ілгерілету аясында Google және Yandex-те контекстік жарнама, Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде мақсатты жарнама, сондай-ақ Krisha.kz, Kursiv.kz, Sxodim.com, Tengrinews.kz, Time.kz, Zakon.kz. танымал ақпараттық алаңдарда баннерлік жарнама орналастырылды.

Сондай-ақ, NUR ALEM мұражайы мен EXPO ХКО-ны ілгерілету мақсатында Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы мен Астана қаласының «Нұрлы жол» вокзал кешенінің жарнамалық конструкцияларына материалдар орналастырылды.

Қоғамның қызметі мен объектілерін PR және маркетингтік ілгерілету мақсатында БАҚ-та 300-ден астам материал жарияланды, Қоғамның ресми сайтында 75 материал орналастырылды, сондай-ақ Қоғамның Facebook, Instagram және Twitter әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарында күнделікті пост жариялау қамтамасыз етілді. Есепті кезеңде 650-ден астам пост жарияланды.

Кеңселік және саудаға арналған жылжымайтын мүлікті жалға беру

Компанияның негізгі стратегиялық мақсаты - кеңселік және саудаға арналған объектілерді жалға беруден түсетін кірісті жыл сайын арттыру. 2022 жылы түсім 6,7 млрд. теңгені құрады, жоспарланғаны - 7,4 млрд. теңге.

2022 жыл ішінде ауданы 125,8 мың м² кеңселік және коммерциялық жылжымайтын мүліктің 119,6 мың м² жалға беріліп, 95% -ды құрады (С3.6 және В2.2 қайта құрылуда).

2022 жылы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша ЭКСПО аумағындағы алаңдарды қамту бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізілді. Осылайша, 56 жалдау шарты жасалды, оның ішінде шарттары ұзартылған компаниялар мен жаңа жалға алушылар бар.

Бұдан басқа, зәкірлі жалға алушыларды тарту бойынша жұмыс жүргізілді, нәтижесінде «Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі» ММ-мен (ҚР ҚМА) жалпы ауданы 2,1 мың м². С1.4 орынжайына шарт жасалды.

2022 жылы 6 зәкірлі жалға алушы орналастырылды: АХҚО, Астана Hub, ҚР ҚМА, ЦДИАӨМ, IT University және ЦЦПО РМК.

2022 жылы жалға алушылардың жалпы санының 8-і жеңілдетілген шарттармен орналастырылғанын айта кету керек: АХҚО, IT University, ҰАТ АҚ, «Зерде ҰАХ» АҚ, «Ұлтық аударма бюросы» ҚҚ, «Kazakh Tourism» ҰК АҚ, Астана Дарыны, «Астана» Халықаралық университеті.

Базалық станцияларды және/немесе байланыс жабдықтарын жалға беруден түскен коммерциялық сервистер бойынша кірістер.

2022 жылы коммерциялық сервистер бойынша барлығы 14 шарт жасалды.

Оның ішінде Қоғам аумағында ақпараттық-телекоммуникациялық қызметтер көрсететін 11 оператор: ОКҚБ-Қазақтелеком филиалы, «Jusan Mobile» АҚ, «NLS Astana» ЖШС, «IT Generation» ЖШС, «СТС Астана» ЖШС, «Транстелеком» АҚ, «Транстелеком» АҚ филиалы, «Кар Тел» ЖШС, «SMARTNET» ЖШС, «Signal Telecom» ЖШС, «Казтелепорт» АҚ.

Анықтамалық: шарт талаптарына сәйкес Қоғам оператордың табыс сомасының 10% мөлшерінде роялти (ай сайынғы сыйақы) түрінде кіріс алады, бұл Қоғам табысына оң әсер етті.

Сондай-ақ базалық станцияны және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС, «Ксел» АҚ және «AdiCom 2000» ЖШС ұялы байланыс жабдықтаушыларына қабылдау-тарату жабдықтарын жалға беру бойынша 3 шарт жасалды.

Алайда, 2022 жылы кеңселік және саудаға арналған жылжымайтын мүлікті жалға беруден түсетін түсімнің жоспарлы көрсеткішіне қол жеткізуге теріс әсер еткен бірқатар факторлар бар, атап айтқанда: Экспо Бизнес орталығында жоспарланбаған жеңілдікті жалға алушылардың болуы, С2.4 және С3.6 павильондарын қайта құру жұмыстарын жүргізу, объектінің техникалық паспортына сәйкес С2.4 павильонындағы пайдалы алаңның азаюы, сондай-ақ сот шешіміне сәйкес кейбір жалға алушыларды жалдау ақысын төлеуден босату.

2023 жылы Қоғам «Кеңселік және саудаға арналған жылжымайтын мүлікті жалға беру» бағытының тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Қоғам жеңілдікті жалға алушыларды 2023 жылдан бастап белгіленген жалға алу мөлшерлемелеріне көшіру бойынша жұмыс жүргізді.

Нәтижесінде «Зерде» ҰАХ» АҚ және Астана Дарынмен шарттар бұзылып, «Ұлтық аударма бюросы» ҚҚ, «Kazakh Tourism» ҰК АҚ, «Астана» Халықаралық университетімен бекітілген жалға алу мөлшерлемелеріне қосымша келісімдер жасалды.

Осылайша, Бизнес-орталықта жеңілдікті жалға алушылар саны 2023 жылдан бастап 6-дан 1-ге дейін қысқарады («ҰАТ» АҚ).

2023 жылы қайта құру аяқталуына байланысты ҚР СЖРА-ны орналастыру үшін С3.6 павильонын жалға беруден кіріс алу жоспарлануда.

Сондай-ақ, 2023 жылы қайта құрылуының жоспарлы аяқталуына байланысты В2.2 павильонын жалға беруден кіріс алу күтілуде.

Тұрақ кеңістігін басқару.

Компания тұрақ кеңістігі аумағында жалға беруге болатын белгілі бір жылжымайтын мүлік пулына ие (бұдан әрі - Паркинг).

Паркингтің жалпы ауданы 127000 м² құрайды.

Компания алдында кірісті ұлғайту үшін бос кеңістікті коммерциялық сервистерге коммерцияландыру міндеті тұр.

Тұрақты негізде әлеуетті жалға алушыларды тарту және Паркинг аумағында қосымша коммерциялық сервистер ұйымдастыруға арналған алаңдарды көрсету бойынша жұмыс жүргізілуде.

Осылайша, 2022 жылы Компания Паркингті сенімгерлік басқаруға тапсырудан 14 373 мың теңге көлемінде кіріс алды. Компания мен Паркинг операторы арасында жасалған шартқа сәйкес, Оператордың операциялық шығындары шегерілгеннен кейін кіріс 40%-ды құрады. Оператор заңды және жеке тұлғалармен тұрақ орындарын жалдау бойынша барлығы 6,7 мың шарт жасасты.

Бұдан басқа, 2022 жылы автомобильдер жуу, сондай-ақ электрондық карталар әзірлеу бойынша коммерциялық қызмет жүзеге асыратын Паркинг жалдаушыларынан қосымша кірістер алынды. 2022 жылғы жиынтық қосымша табыс 1 528 мың теңгені құрады.

2023 жылдан бастап тұрақ кеңістігін басқаруды Қоғам өз күшімен жүргізуде.

2023 жылы Компанияның табыстылығын арттыру мақсатында Паркинг аумағында коммерциялық сервистерді дамыту жұмыстары жалғастырылатын болады. Автомобильдерді сату, заманауи технология бойынша қойма орынжайларын құру, орталық детейлинг және т.б. бойынша сервис ұйымдастыру жоспарлануда.

Сатып алу қызметі

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың 2022 жылға арналған жылдық жоспары «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен бекітіліп, №39-21 хаттама, оған сәйкес 5,792 млрд.теңге сомасына 107 позиция қарастырылған.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Сатып алу жоспарында 12,633 млрд. теңге сомасына 264 позиция қарастырылған, оның ішінде:

- 1,792 млрд. теңге сомасына 139 тауар сатып алу;
- 6,234 млрд. теңге сомасына 38 жұмыс сатып алу;
- 4,607 млрд.теңге сомасына 87 қызмет сатып алу.

2022 жылы:

- 248 позиция бойынша сатып алулар жүргізілді;
- 16 позиция алынып тасталды.

2022 жылы мынадай сатып алулар өткізілді:

- тендер тәсілімен 46 сатып алу;
 - баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 56 сатып алу;
 - шарттарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 146 сатып алу.
- Сатып алу қорытындысы бойынша барлығы 241 шарт жасалды, оның ішінде:
- тендер тәсілімен 39 шарт;
 - баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 37 шарт;
 - бір көзден алу тәсілімен 22 шарт;
 - шарттарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 143 шарт.

Республикалық бюджет қаражатын пайдалану

«2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №77-VII ҚРЗ Заңына сәйкес «QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ға нысаналы аударым» 065 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылға көрмеден кейінгі кезеңде Көрме объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 2 361 млн. теңге бөлінді:

- Көрме объектілерінің/аумағының жұмыс істеуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету іс-шаралары;

- жабдықты вендорлық қолдау;
- Көрме объектілерінде қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- медициналық пункт ұйымдастыру және алғашқы медициналық көмек көрсету;
- жылжымайтын мүлікке салық төлеу;
- жылжымайтын мүлікті сақтандыру.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның 2015-2024 жылдарға арналған Даму жоспарына сәйкес, Компания 2024 жылға қарай өзін-өзі ақтауға кезең-кезеңімен шығу бойынша жұмыс жүргізуде.

Жоғарыда аталған мақсатқа қол жеткізу мақсатында 2018 жылдан бастап алаңдарды кеңейту және функционалдығын өзгерту арқылы объектілерді қайта құру жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта көрме аумағында «Астана» Халықаралық қаржы орталығы, IT-университеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі, ҚР Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, «EXPO» Бизнес-орталығы, Халықаралық көрме орталығы және басқалары жұмыс істейді.

2020-2021 жылдары сыртқы факторлардың (пандемия кезеңінде карантиндік шаралар жүргізу, әлемдік экономикалық дағдарыс) және ішкі факторлардың (Көрме объектілерін қайта құру және көрмеден кейін пайдалану) әсеріне байланысты, Компания 2022 жылы іскерлік белсенділікті арттыруға байланысты (конгресс-көрмелік іс-шаралар мен мәдени-ойын-сауық іс-шараларын өткізу, сондай-ақ халықаралық шараларға қатысу), өзінің негізгі қызметінен түсетін табыстарының деңгейін біртіндеп арттырады және қызметін қаржыландыруға және көрме объектілерінің/аумағының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған мемлекет субсидияларынан бас тартады.


Бұдан басқа, жыл сайын Көрме объектілерінің жұмыс істеуі мен оларды күтіп-ұстауға арналған бюджеттік инвестициялар қысқаруда. Мысалы, аталған шығыстарға бюджет

Республикалық бюджет қаражатын пайдалану

ЭКСПО объектілерін ұстауға және пайдалануға республикалық бюджеттен қаражат бөлу динамикасы мынадай: 2019 жылы – 7,4 млрд. теңге; 2020 жылы – 6,4 млрд. теңге; 2021 жылы – 3,1 млрд. теңге; 2022 жылы – 2,4 млрд. теңге.

Республикалық бюджет қаражатын пайдалану

Финансирование из республиканского бюджета на содержание и эксплуатацию объектов ЭКСПО



2023 жылы республикалық бюджеттен көрме объектілерін ұстауға және пайдалануға қаражат қарастырылмаған.

Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу

2022 жылы салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы 772 961,75 мың теңгені құрады және салықтардың мынадай түрлерін қамтиды:

- Жеке табыс салығы;
- Әлеуметтік салық;
- Көлік құралдарына салынатын салық;
- Жер салығы;
- Мүлік салығы;
- Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем;
- Басқа салықтар мен төлемдер.

5-бөлім. 2023 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер

2023 жылда Компанияға мынадай міндеттер қойылған:

- ЭКСПО-2017 мұра объектілерін қайта құру бойынша жоспарланған жұмыстарды уақтылы, сапалы және толық көлемде аяқтау;
- кеңселік және саудаға арналған жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен түсімді алу;
- 10 үкіметаралық комиссия ұйымдастыру және өткізу;
- БАӘ-де ҚР Сауда үйін кейіннен орналастыру және пайдалануға беру үшін қазақстандық павильон ғимаратын қайта құру;
- Қазақстан павильонының инсталляцияларын (Дубай қ.) «Қазақстан» СКО-дағы павильонға (Мәскеу қ.) және «Нұр- Әлем» Сферасындағы Болашақ энергиясы мұражайына (Астана қ.) көшіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- Қостанай қаласында мемлекет басшыларының қатысуымен AIF – Astana International Forum және ҚР мен РФ өңіраралық ынтымақтастығының XVIII форумын өткізуді қамтамасыз ету;
- Конгресс-орталық пен EXPO Халықаралық көрме орталығының алаңдарында конгресс-көрмелік іс-шаралар өткізу;
- EXPO Іскерлік орталығының объектілерін (NUR ALEM Болашақ энергиясы мұражайы,

6-бөлім. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

Тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі және Компанияның тиімді жұмысының маңызды аспектісі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі - бұл Компанияны басқарудың жалпы процесіне кіріктірілген, сәйкестендіруден, бағалаудан, тәуекелдерге ден қоюдан, тиімділікті бақылаудан және тәуекелдерді басқару және мониторингтеу қызметін жоспарлаудан тұратын басқару шешімдерін қабылдау мен орындаудың үздіксіз циклдік процесі. Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесінің негізгі мақсаты Компания қызметіне ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың ықпал ету дәрежесін шектеу жолымен қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияға 2014 жылы енгізілген тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияны басқарудың жалпы процесіне кіріктірілген, сәйкестендіруден, бағалаудан, тәуекелдерге ден қоюдан, тиімділікті бақылаудан және тәуекелдерді басқару және мониторингтеу қызметін жоспарлаудан тұратын басқару шешімдерін қабылдау мен орындаудың үздіксіз циклдік процесі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін әзірлеу іс-шаралары негізгі тәуекелдерді анықтауға, бағалауға, негізгі тәуекелдерге тиісті ден қою шараларын қабылдауға, ықтимал қаржылық шығындарды барынша азайтуға немесе алдын алуға, барлық ішкі саясаттар мен рәсімдердің, сондай-ақ заңнамалық актілер мен талаптардың белгіленген тәртіппен орындалатынына және Компанияның корпоративтік басқару деңгейін арттыратынына сенімді болуға мүмкіндік береді.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі аясында мынадай құжаттар өзектендіріледі:

- Тәуекелдерді басқару саясаты;
- Ішкі бақылау жүйесі саясаты;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің 2019-2024 жылдарға арналған стратегиясы;
- Тәуекелдерді анықтау және бағалау әдістемесі;
- Негізгі тәуекел көрсеткіштерін есептеу әдістемесі және басқалары.

Компанияның тәуекел-менеджменті Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, Басқарманың, тәуекел иелері – құрылымдық бөлімшелердің, сондай-ақ тәуекел-менеджменттің қатысуымен жүзеге асырылады.

Компания өз қызметін стратегиялық, қаржылық, құқықтық және операциялық болып төрт санатқа бөлінген тәуекелдердің кең спектрін ескере отырып жүзеге асырады.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және басқару шараларын әзірлеу жүзеге асырылады. Тоқсан сайынғы негізде тәуекел иелерінің қатысуымен тәуекелдерге мониторинг жүргізіледі, тәуекелдерді басқару іс-шараларының іске асырылуын мониторингілеу жүзеге асырылады, сондай-ақ іске асырылған тәуекелдер базасы жүргізіледі.

Компанияның әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел - менеджмент мәселелеріне жетекшілік ететін және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге тән тәуекелдерді анықтауға және бағалауға, тәуекелдер бойынша есептілік дайындауға, тәуекелдерді басқару секторымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдем көрсететін қызметкер (тәуекел-үйлестіруші)

2022 жылғы негізгі тәуекелдер :

Негізгі тәуекелдер — бұл қызыл аймақта орналасқан және іске асырылу ықтималдығы өте жоғары немесе жоғары және/немесе Компания қызметіне өте үлкен әсер ететін маңызды тәуекелдер.

Тәуекелдерді басқарудың негізгі мәселелері Басқарманың қарауына алдын ала шығарылады және Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

2022 жылы мынадай негізгі тәуекелдер бекітілді:

1. Кеңселік және коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден жоспарланған табысқа қол жеткізбеу

Алдын алу шаралары:

- жалдау мөлшерлемелерінің баға саясатын уақтылы түзету;
- объектілерді таныстыра отырып, әлеуетті жалға алушылармен келіссөздер және кездесулер өткізу;
- түрлі көрмелерге, семинарларға, форумдарға және т. б. қатысу арқылы кеңселік және коммерциялық алаңдарды танымал ету.

2. Конгресс-көрмелік іс-шаралардың болмай қалу тәуекелі

Алдын алу іс-шаралары:

- ақпараттық жұмысты және СММ-маркетингі күшейту (БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, Компания сайтында жарияланым жасау);
 - ККІ өткізу қызметтерін ұсыну сапасын жақсарту, ДСҰ МК12 қатысушыларына сауалнама жүргізу (сұрастыру);
 - "Task force" (жұмыс топтарын) құру арқылы тапсырыс берушілермен қарым-қатынас сапасын арттыру;
 - ККІ жүргізудің операциялық қызметін жетілдіру;
- мердігерлік ұйымдардың қызметіне бақылауды күшейту, блоктар бойынша үйлестірушілер бекіту.

3. ККІ-ден түсетін түсім көлемі бойынша көрсеткіштің орындалмауы

Алдын алу іс-шаралары:

- жарнамалық-ақпараттық саясатты күшейту;
- сату маркетингі процестерін және әлеуетті тапсырыс берушілермен қарым-қатынастарды, сондай-ақ жалпы операциялық қызметті, ККІ өткізу функцияларын жетілдіру;
- мемлекеттік сектордан әлеуетті тапсырыс берушілер тарту үшін мемлекеттік органдармен және компаниялармен өзара іс-қимыл жасауды күшейту;
- мемлекеттік емес сектордың отандық және шетелдік компаниялары арасында әлеуетті тапсырыс берушілердің неғұрлым кең ауқымын қанағаттандыруға қабілетті, түзету мүмкіндігі бар анағұрлым икемді баға саясатын әзірлеу және енгізу (нарықтық конъюнктура негізінде);
- іс-шараларды күні бұрын ауыстыру.

4. «Нұр-Әлем» Сферасының Болашақ энергиясы мұражайына келушілердің аздығы

Алдын алу іс-шаралары:

- жарнамалық-ақпараттық саясатты күшейту;
- көрме объектілері мен әзірленген туристік пакеттер туралы ақпарат беру үшін халықаралық туристік және тақырыптық көрмелерге, семинарларға, форумдарға, конференцияларға және т. б. қатысу арқылы көрме объектілерін ілгерілету;
- келушілер тарту үшін қосымша іс-шаралар және өзге де белсенділік өткізу;
- тақырыптық, гастрольдік және іс-шаралық перформанстар мен көрмелер тарту;
- стендшілерді даярлау және Нұр-Әлем сферасында келушілерге көрсетілетін экскурсиялық қызметтердің сапасын бақылау деңгейін арттыру;
- келушілерді жарнамалық және имидждік материалдар (SMM, интернет жарнама, Сыртқы жарнама) арқылы тарту.

5. ЭКСПО-2020 Дубай көрмесін өткізу қорытындысы бойынша ҚР павильонына 1 млн. келуші жоспарлы көрсеткішіне қол жеткізбеу

Алдын алу іс-шаралары:

- ұзақ кезектер болдырмау үшін келуді алдын ала жоспарлау қажеттілігі туралы келушілерді үнемі хабардар ету;
- Павильонның контенттік толтырылуын әзірлеу, оны сапалы дайындау, монтаждау және кейіннен тестілеу;
- Ұлттық павильонды ілгерілету жоспарын әзірлеу, мәдени-бұқаралық және өзге де ойын-сауық немесе имидждік іс-шараларды жан-жақты пысықтау;
- Ұлттық павильон стендистерін даярлау бойынша тиісті материал әзірлеу (жалдау кезінде тестілеу және міндеттердің орындалуын бақылау).

6. ТЖ және ТА режимін енгізу (коронавирустың (COVID-19) және басқа да вирустық аурулардың таралу қаупі)

Алдын алу іс-шаралары:

- Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік дәрігері қаулысының лимиттеріне сәйкес кеңсеге кіретін қызметкерлер санының асып кетуіне жол бермеу;
- кеңестерді онлайн-режимде өткізуді қамтамасыз ету;
- жұмысты қашықтықтан жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- Көрме кешені объектілерін санитарлық нормаларды ескере отырып, жинауды жүргізу;
- Көрме кешені объектілеріне кіре берісте қызметкерлердің температурасын өлшеуді қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді тасымалдаумен қамтамасыз ету;
- кеңседе санитарлық нормалар туралы ақпараттық материалдар орналастыру;

- респираторлық аурулардың алдын алу және таралуы бойынша қызметкерлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Ішкі бақылау және аудит

Компанияда Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын Тәуелсіз Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметінің құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, ішкі аудит саясаты мен рәсімдерін бекітеді, сондай-ақ жыл сайын тәуекелге бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспарды бекітеді.

Қызметтің миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға Компанияның стратегиялық мақсаттарына қолжеткізу міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсету болып табылады.

Қызметтің негізгі мақсаты Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетке Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Компанияның алға қойған мақсаттарына қолжеткізуге ықпал етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну болып табылады.

Тоқсан сайын Ішкі аудит қызметінің есебі дайындалып, Компанияның Директорлар кеңесіне ұсынылады. Қызмет өз қызметінде ішкі аудиттің қолданыстағы халықаралық кәсіби стандарттарын және Халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған Ішкі аудиторлардың этика кодексін ескереді және Компанияда бекітілген ішкі аудит жөніндегі ішкі нормативтік актілерді басшылыққа алады.

2022 жыл ішінде Ішкі аудит қызметі 13 жоспарлы тапсырма, сондай-ақ Қызмет бағыттары бойынша 7 іс-шара өткізді. Жүргізілген бағалаулар мен тексерулердің нәтижелері бойынша Қызмет өз құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар мен түсініктемелер әзірлейді.

Қызмет жыл сайын тәуекелдерді басқару жүйесінің және Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалайды.

Ақпараттық саясат

Ақпараттық саясат компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың мақсаттарын, негізгі принциптері мен ережелерін белгілейді, коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын жалпыға қолжетімді ақпарат пен ақпараттың тізбесін айқындайды, сондай-ақ осы ақпаратты жария ету тәртібін, нысандарын, тәсілдері мен мерзімдерін регламенттейді.

Компания қызметкерлері мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және заңнамамен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, Компанияның қызметі туралы ақпаратқа тең қол жеткізуге және өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттық ресурстарды пайдалануға тиіс.

Компания өзінің ақпарат алушыларына қатысты ақпараттық айқындылық және ашықтық режимінде әрекет етеді. Ақпараттық айқындылық пен ашықтық деңгейі заңнамамен, Компанияның міндеттемелерімен, сондай-ақ ақпаратты жария ету саласындағы корпоративтік басқарудың халықаралық практикада танылған қағидаттарымен анықталады.

** Ақпараттық саясат Қоғам Басқармасының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен мақұлданған (№29-22 хаттама).*

7-бөлім. Корпоративтік басқару

Компанияда Қоғамның корпоративтік басқаруының Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) қолданылады.

Кодекс Қоғам ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынаста тиімділікті, ашықтықты, есептілікті, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Қоғам өз қызметі процесінде ұстанатын ережелер мен ұсыныстардың жиынтығы болып табылады.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары:

- Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру;
- басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету;
- Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстану міндеттемесін растау.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- өкілеттіктерді ажырату принципі;
- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты;
- орнықты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
- Компанияның қызметі туралы ақпаратты жария етудің айқындылығы мен объективтілігі қағидаттары;
- корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Корпоративтік басқарудың белгіленген қағидаттарын ұстану Компания қызметіне объективті талдау жүргізуде және қажет болған жағдайда талдаушылардан, консультанттардан және рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсыныстар, бағалар алуда тиімді тәсіл құруға жәрдемдесуге арналған.

Компания корпоративтік басқаруды Компания қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және оған капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті ажыратуды көздейді.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындылық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылған. Корпоративтік басқару құрылымы Компания қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Компанияның табысты қызметіне, оның ішінде құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

Корпоративтік басқарудың тиісті жүйесі Компанияның қазіргі экономикадағы және жалпы қоғамдағы орнын анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Корпоративтік басқару заңның үстемдігі қағидатына негізделген.

Жарғыға сәйкес Компанияның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Компанияның Директорлар кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган - Компания Басқармасы;
- 4) Қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыратын орган

Барлық органдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Корпоративтік басқару кодексімен, Жарғымен және ішкі құжаттармен реттеледі.

Іс-шаралар жоспары

Компания Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі-іс-шаралар жоспары) әзірледі және Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілді. Бұл Іс-шаралар жоспары мыналарға бағытталған тармақтарды қамтиды:

- Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- акционерлердің құқықтары.

Осы Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі шешімімен бекітілген.

Сондай-ақ, 2023 жылға Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен бекітілді.

Корпоративтік басқару құрылымы



Корпоративтік басқару диагностикасы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңының 182-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 157 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларының 2-тарауының 4 және 13-тармақтарына, сондай-ақ «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің 9-тармағына сәйкес кемінде үш жылда бір рет бағалау нәтижелерін Директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау жүргізіледі.

Осыған байланысты, 2022 жылдың 2-3 тоқсанында «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС Компанияның 2019-2021 жылдардағы корпоративтік басқаруына бағалау жүргізді және бағалау қорытындылары бойынша нәтижелер қалыптастырылды.


Бағалау нәтижелеріне сәйкес Компанияның корпоративтік басқару жүйесі жетекші тәжірибелердің көптеген ұсыныстарына сәйкес келеді. Корпоративтік басқарудың жалпы рейтингі 84 % құрады. Жекелеген компоненттер бойынша рейтингтер мынадай: Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімділігі – 91%; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау – 84%; орнықты даму – 76%; ашықтық – 80%.

Корпоративтік басқаруды бағалау қорытындысы бойынша 2023 жылға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген бірқатар ұсынымдар бар.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ корпоративтік басқаруды бағалау қорытындылары бойынша нәтижелер Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 5 шешімімен бекітілген.

Корпоративтік басқаруды бағалау қорытындыларының нәтижелері:

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару жүйесі жетекші тәжірибелердің көптеген ұсыныстарына сәйкес келеді.



ДК және Басқарма тиімділігі
91 %

Тәуекелдерді басқару және ішкі аудит
84 %

Орнықты даму
76 %

Ашықтық
80 %

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі ұйымға стратегиялық басшылық етуді және Компания Басқармасының қызметін бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі өз функцияларын Мемлекеттік мүлік туралы заңға, Акционерлік қоғамдар туралы заңға, Қоғам Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

Директорлар кеңесінің құрамы

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен – Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы №364-НҚ бұйрығымен бекітілген Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын Қоғамның Жалғыз акционері айқындайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы Тәуелсіз директорлар болуға тиіс, бұл ретте Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін болады. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №628-НҚ бұйрығы) Директорлар кеңесінің құрамына 8 (сегіз) адам анықталды. Директорлар кеңесінің құрамына жеті директор, оның ішінде үш тәуелсіз директор сайланды. 2021 жылғы желтоқсанда Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №628-НҚ бұйрығы) Директорлар кеңесінің құрамы өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл 7 (жеті) адам болып анықталды.

2022 жылғы Қоғамның Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер:

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №369-ОД бұйрығымен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Б.Т. Сұлтанов пен Н.В. Кадюковтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына Серік Мақашұлы Жұманғарин және Қайрат Жақсықұлұлы Мырзахметов сайланды.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 22 қарашадағы шешімімен (№5 хаттама) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрі С.М. Жұманғарин «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы №476-НҚ бұйрығымен Қоғамның тәуелсіз директорлары Д.В. Ларионов, О. А. Калугин және А. М. Байтасовтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және Қоғамның тәуелсіз директорлары болып Нұржан Ержанұлы Әлімұхамбетов, Қуат Төлегенұлы Жолдыбеков және Жанаркуль Тоғызбайқызы Кошанова сайланды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы:

Директорлар кеңесінің төрағасы

Жұманғарин Серік Мақашұлы

Жалғыз акционердің өкілі,
Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің орынбасары
1969 жылы 22 шілдеде дүниеге келген.

Білімі:

Мәскеу Ленин орденінің және Октябрь революциясы орденінің
Энергетикалық институтының және
Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің т.
Мамандығы - экономист.

Халықаралық бизнес академиясында Іскерлік әкімшілендіру маг.
дәрежесін алды.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген.

Еңбек қызметі:

1993 жылдан 2004 жылға дейін кәсіпкерлік қызметпен айналысқан.

2005-2006 жылдары - Ақтөбе қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары; Ақтөбе қаласы Кәсіпкерлік бөлімінің бастығы.

2006-2007 жылдары - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасы бастығының орынбасары.

2007-2008 жылдары - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша басқармасының бастығы; Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің директоры.

2008-2010 жылдары - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сауда комитеті төрағасының орынбасары, Сауда дамыту департаментінің директоры; «Қазақстандық келісімшарт агенттігі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2010-2011 жылдары - «NadLoc» Ұлттық жергілікті қамтуды дамыту агенттігі" АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары.

2012-2013 жылдары - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаментінің директоры; Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік даму комитетінің төрағасы.

2013-2014 жылдары - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму Вице-министрі.

2014-2017 жылдары - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы.

2017-2019 жылдары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Вице-министрі.

2019-2020 жылдары - Бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі (министр ретінде).

2020-2022 жылдары - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы.

2022-2023 жылдары - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 22 қарашадағы шешімімен (№5 хаттама) «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2023 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалды.



Директорлар кеңесінің мүшесі Төребаев Қайрат Қалмұқаметұлы



Директорлар кеңесінің мүшесі,
акционердің өкілі, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі
1979 жылғы 19 қаңтарда дүниеге келген.

Білімі:

Қазақ мемлекеттік басқару академиясының «Халықаралық экономист» мамандығы бойынша түлегі.
Берн университетінің Дүниежүзілік сауда институтында Халықаралық құқық және экономика магистрі дәрежесін алды
Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген.

Еңбек қызметі:

Еңбек жолын 1997 жылы бастап, 2001 жылға дейін жеке құрылымдарда жұмыс істеді.
Мемлекеттік қызметті 2001 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Валюта-қаржы департаментінің Жоспарлау бөлімінің жетекші маманы болып бастады.

2001 жылғы шілдеден 2009 жылғы қазанға дейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде және Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Елшілігінде әртүрлі лауазымдарда болды.

2011 жылы Азия Даму Банкінің Орталық Азия өңірлік ынтымақтастық бағдарламасының үйлестірушісі болып жұмыс істеді.

2012 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы экономикалық саясат департаментінің бірінші хатшысы ретінде мемлекеттік қызметке оралды.

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі хатшылығының кеңесшісі болып тағайындалды.

2013 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары қызметін атқарды, содан кейін 2013 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры болып тағайындалды.

2014 жылғы қазаннан 2019 жылғы маусымға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

2019 жылдың маусым айынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

2019 жылғы шілдеден бастап-Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция Вице-министрі.

2020 жылғы 3 наурызда «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2021 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің №628-НҚ бұйрығымен «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып қайта сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі
Мырзахметов Қайрат Жақсылықұлы



Директорлар кеңесінің мүшесі,
Жалғыз акционер өкілі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының орынбасары
1984 жылы туған.

Білімі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетін бітірген.

Еңбек қызметі:

Еңбек жолын 2005 жылы қаржы полициясы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарында бастаған.

2018-2020 жылдары-Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Ішкі тергеу департаменті ішкі инспекция тобында Бас прокурордың аға көмекшісі.

2020 жылы - Бас прокуратура қызметкері.

2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Апелляция департаменті директорының орынбасары қызметін атқарды.

2022 жылғы 21 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің № 369-НД бұйрығымен «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшесі Чайжунусов Аллен Сержанұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Компанияның Басқарма Төрағасы
1981 жылғы 25 тамызда дүниеге келген.

Білімі:

РФ СІМ Мәскеу Мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты,
мамандығы: халықаралық заңгер, Қазақ
қаржы-экономикалық академиясы, мамандығы: экономист.

Еңбек қызметі:

Еңбек жолын 1998 жылы бастаған.

2003-2006-дипломатиялық қызметте болды.

2006-2008-Маңғыстау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары.

2008-2009 - "Нұр Отан" Халықтық Демократиялық партиясы Орталық аппараты хатшылығының меңгерушісі.

2009-2013- "Самұрық-Қазына Келісімшарт" ЖШС Басқарушы директоры, Қазақстан велоспорт федерациясының Вице-президенті.

2013-2014-Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары.

2014-2015-Қазақстан футбол федерациясының бірінші вице-президенті.

2015-2020 - "Астана ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ-да басшылық лауазымдарды атқарды.

2020 бастап - қазіргі уақытқа дейін - "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқарма Төрағасы.

2020 жылғы 11 тамызда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2021 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің №628-НК бұйрығымен «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып қайта сайланды.



Тәуелсіз директор

Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы



1959 жылы қарашада дүниеге келген.

Білімі:

Білімі:

1983-Қазақ дене шынықтыру институты, мамандығы – шөп үстіндегі хоккей;

1991-Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспирантура

. Диссертация тақырыбы – Әлеуметтік

техникалық континуумдарды басқару негіздері;

2000-Халықаралық бизнес академиясының магистратурасы. МБА дәрежесі, мамандық: корпоративтік менеджмент.

Еңбек қызметі:

1992-1998-Д. А. Қонаевтың Халықаралық қорының Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі директоры, Бас директоры;

1998-2009-"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ Вице-президенті, Басқарма Төрағасының Орынбасары, Басқарма Төрағасының Бірінші Орынбасары, Басқарма төрағасының орынбасары;

2009-2013 – "Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;

2013-2016 -«Trust Insurance» СК» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі;

2013-2018 - «Компетенц» СК» АҚ Директорлар кеңесінің кеңесшісі;

2018 бастап - қазіргі уақытқа дейін - «Sinoasia V&K» СК» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі;

Директорлар Кеңесіне мүшелік:

2017-2019 - УМС Назарбаев Университетінің "Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы" АҚ тәуелсіз директоры- Директорлар кеңесінің мүшесі;

2017-2021 - "БРК-Лизинг" АҚ тәуелсіз директоры;

2018-2019 - "ҚазАгрогарант" АҚ тәуелсіз директоры;

2022 жылғы 12 желтоқсанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-ның тәуелсіз директоры болып сайланды (ҚР Сауда және интеграция министрлігінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 476 - НҚ бұйрығы);

2023 жылғы 5 қыркүйектен бастап - "Базель" сақтандыру компаниясы" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Тәуелсіз директор

Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы



1985 жылғы 30 қаңтарда дүниеге келген.

Білімі:

2007-Еуразия ұлттық университеті

"Халықаралық қатынастар" мамандығы;

2009-Семей мемлекеттік университеті

"Экономика" мамандығы;

2011 - KDI School of Public Policy and management, Сеул қ., Оңтүстік Корея, Экономика және бизнес магистрі.

Еңбек қызметі:

2007-2008-Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сарапшысы;

2008-2011-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің сарапшысы;

2011-2013-Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау орталығының стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді және іске асыруды бағалау секторының сектор меңгерушісі, аға сарапшысы;

2013-2014-Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Өңірлердің жүйелік проблемаларын талдау департаменті Директорының орынбасары;

2014-2016-Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының кеңесшісі, штаттан тыс кеңесшісі;

2016-2020 - "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарушы директоры - Басқарма мүшесі;

2020-Дүниежүзілік Банк жобасын басқару тобының жетекшісі;

2020-2021 - "Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ Инвестициялық жобалар жөніндегі қоғамдық комиссияның төрағасы;

2021 - "KAZAKH INVEST" Ұлттық компаниясы" АҚ Инвестициялар тарту және маркетинг департаментінің директоры;

2022 бастап- қазіргі уақытта-BIO-LINE Group компаниясының басқарушы директоры, коммерциялық директоры

2022 жылғы 12 желтоқсанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-ның тәуелсіз директоры болып сайланды (ҚР Сауда және интеграция министрлігінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 476 - Од бұйрығы);

Директорлар Кеңесіне мүшелік

2020-2021 - "Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ тәуелсіз директоры;

2022 ақпан-қазіргі уақытта - "Мемлекеттік аннуитеттік компания" Өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ тәуелсіз директоры.

Тәуелсіз директор

Қоцанова Жанаркуль Тоғызбайқызы

1975 жылы 27 қыркүйекте дүниеге келген.

Білімі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті,

халықаралық құқық бөлімі. Мамандығы:

халықаралық заңгер.

Еңбек қызметі:

1997-2003-Халықаралық құқық басқармасының бас маманы, Заңнама басқармасы бастығының орынбасары, Заңнама департаменті директорының орынбасары, Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама департаментінің директоры;

2001-2002-Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас сарапшысы;

2003-Қазақстан Республикасы ЭБЖМ Экономикалық зерттеулер институты Бас директорының кеңесшісі;

2003-2004 - "Ұлттық инновациялық қор" АҚ Заң департаментінің директоры;

2004-2006 - "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" АҚ Басқарма Төрағасының құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі;

2006-2007 - "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ Заң департаментінің директоры;

2007-2009 - "Даму" шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;

2009-2012-"Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;

2012-2015 - "Даму Банкі" АҚ Корпоративтік хатшысы;

2015-2016-"ҚР Ұлттық Банкінің Q-BRO Резервтік Орталығы" АҚ кеңесшісі;

2016-2017 - "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі " АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;

2017-2019 - "City Transportation System" ЖШС Басқарма Төрағасының құқықтық сүйемелдеу жөніндегі орынбасары;

2019-2022 - "Астана" АХҚО Әкімшілігі" АҚ Басқарма төрағасының заң кеңесшісі;

2022 - 2023 қаңтар - "Қазпошта" АҚ Басқарма Төрағасының құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі;

2023 қаңтар – қазіргі уақытта - "Қазпошта" АҚ Тәуекелдер, құқықтық сүйемелдеу жөніндегі Басқарушы директоры және Басқарманың HR-мүшесі;

2022 жылғы 12 желтоқсанда "QazExpoCongress" ҰК" АҚ-ның тәуелсіз директоры болып сайланды (ҚР Сауда және интеграция министрлігінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 476 - Од бұйрығы);

Директорлар Кеңесіне мүшелік:

2022 ақпан-қараша - «Мемлекеттік аннуитеттік компания» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның Тәуелсіз директоры.



Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы

Аудит жөніндегі комитет

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 5 ақпандағы шешімімен бекітілген (№1 хаттама) Аудит жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Аудит жөніндегі комитет үш мүшеден тұруы тиіс. Құрамына бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында қажетті білімі мен практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар кіруге тиіс. Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан сайланады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамы:

Қощанова Жанаркуль Тоғызбайқызы - Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;

Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамына 2022 жылғы 20 желтоқсанға дейін мына тәуелсіз директорлар кірді:

Ларионов Дмитрий Владимирович - Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы;

Калугин Олег Анатольевич - Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі;

Байтасов Арманжан Мерекеұлы - Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі.

2022 жылы Аудит жөніндегі комитет алты бетпе-бет отырыс өткізіп, онда құзыретіне кіретін 33 мәселе қаралды және Компанияның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары: сыртқы және ішкі аудит мәселелері бойынша, сатып алуды бақылау мәселелері бойынша, сондай-ақ корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 5 ақпандағы шешімімен бекітілген (№1 хаттама) Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес Стратегиялық жоспарлау комитеті үш мүшеден тұруы тиіс. Құрамға тәуелсіз директорлар кіруге тиіс, қажет болған жағдайда Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына аталған комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар, дауыс беру құқығы жоқ сарапшылар енгізілуі мүмкін.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы :

Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы - Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;

Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Қощанова Жанаркуль Тоғызбайқызы - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына 2022 жылғы 20 желтоқсанға дейін мына тәуелсіз директорлар кірді:

Байтасов Арманжан Мерекеұлы - Тәуелсіз директор, Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы;

Калугин Олег Анатольевич - Тәуелсіз директор, Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі;

Ларионов Дмитрий Владимирович – Тәуелсіз директор, Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегиялық

жоспарлау комитетінің мүшесі.

2022 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті бес бетпе-бет отырыс өткізіп, онда құзыретіне кіретін сегіз мәселе қаралды және Компанияның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары мыналар: Компанияның 2015 - 2024 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу; Компания Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу; Компанияның 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту; «Diamond Residence of Nur-Sultan (Даймонд Резиденс офф Нур-Султан) ЖШС-мен жасалған бірлескен қызмет туралы шартқа қосымша келісім жасасу; «QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласындағы Өкілдігі туралы ережені бекіту; Компанияның 2015-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын 2015-2020 жылдары орындау жөніндегі есепті бекіту.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 5 ақпандағы шешімімен бекітілген (№1 хаттама) Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережеге сәйкес Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет үш мүшеден тұруы тиіс. Құрамына объективті және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделі тұлғалардың (акционерлер өкілдерінің, басқарма басшысының, қызметкерлердің және өзге де тұлғалардың) комитет мүшелерінің пайымдауларына ықпалын болдырмау мақсатында тәуелсіз директорлар қатарының көпшілігі кіруге тиіс.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамы:

Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы - Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;

Әлімұхамбетов Нұржан Ержанұлы - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Қошанова Жанаркуль Тоғызбайқызы - Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамына 2022 жылғы 20 желтоқсанға дейін мына тәуелсіз директорлар кірді:

Калугин Олег Анатольевич - Тәуелсіз директор, Компанияның Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы;

Ларионов Дмитрий Владимирович - Тәуелсіз директор, Компанияның Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі;

Байтасов Арманжан Мерекеұлы - Тәуелсіз директор, Компанияның Директорлар кеңесінің Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі.

2022 жылы Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет бес бетпе-бет отырыс өткізіп, онда құзыретіне кіретін 15 мәселе қаралды және Компанияның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді. Олардың ішіндегі ең маңыздылары мыналар: 2021 және 2022 жылдарға арналған Басқарма Төрағасы мен мүшелері, Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет және Компанияның Корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту; Директорлар кеңесін, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін және Компанияның Корпоративтік хатшысын 2021 жыл бойынша бағалау нәтижелерін бекіту; Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің кадрлық мәселелері бойынша; Компанияның Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет жұмысының негізгі көрсеткіштерінің орындалуы бойынша тоқсандық есептерді және 2022 жылғы I-III тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша қызметкерлерге сыйақы мөлшерін бекіту; Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Комплаенс-офицері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы бойынша тоқсандық есептерді және 2022 жылғы I-III тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша оның сыйақы мөлшерін бекіту;

Қоғамның Корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін орындау бойынша тоқсандық есептерді және 2022 жылғы I-III тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша оның сыйақы мөлшерін бекіту.

Директорлар кеңесінің маңызды шешімдеріне шолу

Қаралған мәселелер туралы ақпарат.

2022 жыл ішінде Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 8 отырысын өткізді, оның ішінде 4 отырыс бетпе-бет, 4 отырыс сырттай дауыс беру арқылы өткізілді.

2022 жылы Қоғамның 10 жоспарлы құжатын бекітуді қамтитын 48 мәселе қаралды. Сондай-ақ, 2022 жылы Компанияның Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруды, тәуекелдерді басқаруды және ішкі бақылау мен аудит жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды шешімдер қабылдады.

Директорлар кеңесінің мынадай негізгі бағыттар бойынша қабылдаған шешімдері:

Стратегиялық мәселелер, Қаржы-шаруашылық қызмет:

- Компанияның 2015 - 2024 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасын алдын ала мақұлдау;
- Компания Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау;
- Компанияның «QazExpoCongress құрылыс дирекциясы» филиалы туралы ережеге енгізілетін өзгерістерді бекіту;
- Компанияның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның 2020-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын 2021 жылы орындауы бойынша есепті бекіту (аудиттелген деректер бойынша).

Корпоративтік басқару мәселелері:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қағидаларын жаңа редакцияда бекіту;
- *бекітілуі* Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін Компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін жаңа редакцияда бекіту;
- Компанияның 2021 жылғы жылдық есебін бекіту;
- Компанияның Директорлар кеңесіне 2021 жылға бағалау жүргізу және оның нәтижелерін қарау;
- Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін орындауы/орындамауы туралы 2021 жылғы есепті бекіту;
- Қоғамның корпоративтік басқаруына 2019-2021 жылдар үшін бағалау жүргізу және оның нәтижелерін қарау;
- корпоративтік басқару жүйесінің жоспарлы құжаттарының 2021 жылы және 2022 жылғы 1 жартыжылдықта орындалуы бойынша есептерді қарау;
- тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау, тәуекелдер тізілімі мен картасын, тәуекел-ниетті бекіту;
- Компанияның Сатып алуларды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметінің тоқсан сайынғы есептерін қарау;
- Компанияның Сатып алуларды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке тексерулер жүргізудің 2022 жылға арналған жоспарын бекіту;
- Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- Компанияда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;
- Компанияның орнықты даму саласындағы 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту

Директорлар кеңесінің Корпоративтік басқару жөніндегі ақпараты

Директорлар кеңесі Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің талаптарын сақтау мақсатында Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің комитеттерін құрды:

- 1) Стратегиялық жоспарлау комитеті;
- 2) Аудит жөніндегі комитет;
- 3) Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет.

2022 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі құрамының өзгеруіне байланысты Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары мен мүшелері қайта сайланды.

Ішкі бақылау жүйесі туралы ақпарат

Ішкі және сыртқы аудит

Ішкі аудит мәселелері бойынша мынадай мәселелерге қатысты шешімдер қабылданды:

- 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарды бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы есептері қаралды;
- Компанияның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (жеке және шоғырландырылған) бойынша сыртқы аудитормен кездесу өткізілді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде Компанияның тәуекелдері бойынша есептерді қарастырды, сондай-ақ мынадай құжаттарды бекітті:

- Компанияның 2023 жылға арналған Тәуекелдер тізілімі мен картасы;
- Компанияның 2023 жылға арналған тәуекел-ниеті;

* Компанияның ішкі құжаттарына оларды өзектендіру мақсатында енгізілген өзгерістер: Тәуекелдерді басқару саясаты, Ішкі бақылау жүйесінің саясаты, Тәуекелдерді басқару жүйесінің 2019-2024 жылдарға арналған стратегиясы, Тәуекелдерді анықтау және бағалау әдістемесі, Тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын жасау және пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

Директорлар кеңесінің сыйақылары туралы ақпарат

Сыйақы Қоғамның тәуелсіз директорларына төленеді. Қоғамның Тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы және Корпоративтік басқару кодексі негізінде әзірленген Қоғамның тәуелсіз директорларының сыйақыларын төлеу және (немесе) шығыстарын өтеу тәртібіне сәйкес айқындалған. Сыйақы мөлшері Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен айқындалады.

Компанияның тәуелсіз директорларына мыналар төленеді:

- Компанияның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы;
- Компанияның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы;
- өз өкілеттіктерін орындауға байланысты шығыстарды өтеу.

Сыйақылар мен шығыстардың өтемақысы Компанияның Жалғыз акционерінің тиісті шешімі негізінде тәуелсіз директормен жасалған шартта белгіленеді.

2022 жылы Компанияның тәуелсіз директорларына төленген сыйақылардың жалпы сомасы 3 млн.900 мың теңгені құрады.

Басқарма құрамы

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

Чайжунусов Аллен Сержанұлы

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары

Еркімбаев Дәулет Қуандықұлы

Еңбек өмірбаяны:

2005 - Алматы қаласы әуежайындағы «Air Arabia» әуекомпаниясының жерүсті қызметтерін басқарушысы - Қазақстан Республикасындағы авиакомпанияның Бас өкілі.

2007 жыл - Қазақстан-Британ техникалық университетін бітірген, мамандығы - "Менеджмент".

2008 жыл - Алматы қаласы әкімдігінде Алматы қаласы әкімі аппаратының бас маманынан бастап Алматы қаласы Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасарына дейін әртүрлі лауазымдарда болды.

2010 жыл - М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, мамандығы - MBA бағдарламасы бойынша "Экономика және басқару".

2014 жыл - Д. А. Қонаев атындағы Көлік және құқық гуманитарлық университеті, мамандығы – "Құқықтану".

2015 жыл – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Операциялық басқару және тәуекел-менеджмент департаментінің директоры.

2016 жыл – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Коммерцияландыру департаментінің директоры.

2019 жыл – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Конгресс-көрмелік іс-шаралар департаментінің директоры.

2020 жылдың маусым айынан бастап - «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарушы директоры.

2020 жылдың тамыз айынан бастап - «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары

Владимир Викторович Лютов

Еңбек өмірбаяны:

1973-Целиноград жол-құрылыс материалдары және ТБК комбинаты.

1975-Кеңес Армиясының қатарына шақырылды.

1983-Целиноград инженерлік-құрылыс институтын "инженер-құрылысшы" мамандығы бойынша бітірген.

1983 – "Целиноградтяжстрой" трестінің "Отделстрой" құрылыс басқармасы, шебер, прораб, учаске бастығы.

1985 – "Целиноградсельмаш" өндірістік бірлестігі, Күрделі құрылыс басқармасының бастығы.

1988 – "Целиноградтяжстрой" трестінің "Проминдустрой" құрылыс басқармасы.

1992-1996 - "Целиноградстройинвест" мемлекеттік фирмасының бас директоры.

1996 – 1998 - «Целинстрой» ҚК Бас директоры.

1998 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі.

2006 - Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет - құрылыс бақылау департаментінің директоры болып тағайындалды.

2008 – "Астана қаласының құрылыс басқармасы" ММ бастығы болып ауыстырылды.

2015 жылғы маусымнан бастап - «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары. Бекешев Бауыржан Бейсенбайұлы

Еңбек өмірбаяны:

1983-Қарағанды политехникалық университетін "Инженер-механик" мамандығы бойынша бітірген.

1983-Қарағанды ГПТУ-15 өндірістік оқыту шебері.

1986-1997-Инженер-конструктор, "Қарағандыкөмір" көмір өндіру бойынша тау-кен шахта жабдықтарын жөндеу зауыты комбайндарын жөндеу цехы бастығының орынбасары.

1999 - "Гарант" ЖШС коммерциялық директоры.

1999-2005 - "Қарағанды облысының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" ММ жетекші маманы, бас маманы, бөлім бастығы.

2001-Академик Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мамандығы - "Заңгер".

2005-2008 - "Атамекен" Қазақстанның жалпыұлттық кәсіпкерлер және жұмыс берушілер одағының заңгері.

2006-2008-"Қазақстандық ПЭТ-қаптама өндірушілер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры.

2008-2009-Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту департаменті Кәсіпкерлікті дамыту стратегиясы басқармасының бас сарапшысы.

2009-2010-Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту департаменті директорының орынбасары.

2010-2013-Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті директорының орынбасары, директоры.

2013-2014-Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаментінің директоры.

2014-2017-Еуразиялық экономикалық комиссияның Кәсіпкерлік қызметті дамыту департаментінің директоры.

2017-2018 сәуір-Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика Вице-министрі.

2018 – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары. Әбсаттаров Дінмұхамед Болатұлы

Еңбек өмірбаяны:

2000-2002-Ақтөбе қаласындағы "Ақтөбе хром қосылыстары зауыты" АҚ Жоспарлау жөніндегі экономисті.

2001-М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясын бітірген, "Инженер-экономист".

2002-2006 – Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімінің кеңесшісі, Қызылорда облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім меңгерушісі, әкім аппаратының инспекторы, Қызылорда облысы әкімінің көмекшісі қызметтерін атқарды.

2005-Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, "Мұнай инженері".

2006-2010-Қызылорда облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті директорының орынбасары, Өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасының басшысы.

2010-2011-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті директорының орынбасары.

2011-2012-Оңтүстік Қазақстан облысының Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы.

2012-2013 - «Атамекен» одағы» ҰЭП Басқарма мүшесі.

2013-2014 - Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры.

2014-2019-Қазақстан Республикасының «Атамекен» ҰКП-да түрлі лауазымдарда болды.

2020 жылғы ақпаннан 2021 жылғы сәуірге дейін - "Қорғас" халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы" арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы" АҚ Басқарма Төрағасы.

2021 жылдың сәуір айынан бастап - «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Басқарушы директор - «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Сатып алу департаментінің директоры

Лукина Анна Андреевна

Еңбек өмірбаяны:

2007-Мәскеу Мемлекеттік Заң Академиясы, мамандығы - "Құқықтану".

2007-Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Құқықтық және кадр жұмысы департаментінің тағылымдамашысы.

2008 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Сот-шағым жұмысы департаментінің Сот-шағым жұмысы басқармасының бас маманы, одан әрі бөлім бастығы.

2011-Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі жанындағы Бүкілресейлік сыртқы сауда академиясы, мамандығы - "Шет тілін білетін экономист.

2012 – «Транстелеком» акционерлік қоғамының Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры - Басқарма мүшесі.

2015 – «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Сатып алу департаментінің директоры.

2020 жылдың тамыз айынан бастап - «QazExpoCongress» ҰК» АҚ Басқарушы директоры.

2012 жылы заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. 2021 жылы Іскери әкімшілендіру докторы ғылыми дәрежесі берілді (РФ ХШЖМҚРА).

Басқарманың маңызды шешімдеріне шолу

Қаралған мәселелер туралы ақпарат

2022 жылы барлығы 42 Басқарма отырысы өткізіліп, онда 486 мәселе қаралды. Басқарманың қарауына шығарылғанға дейін әрбір мәселе Компанияның барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен алдын ала келісілді.

Компанияның ағымдағы қызметіне байланысты мәселелердің қаралатынын ерекше атап өткен жөн, атап айтқанда:

- Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кірмейтін Компания қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

- Компанияның тауарларын, жұмыстарын, қызметтерін сатып алу жоспарын бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- құны компания активтері құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан азын құрайтын мүлікті Компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын шарттар жасасу туралы шешімдер қабылдау;

- Компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

- Компанияның штат кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Бұдан басқа, Басқарма оларды әрі қарай Компанияның директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қарауына және бекітуіне шығару үшін алдын ала келісуді талап ететін барлық мәселелерді қарады.

8-бөлім. Орнықты даму

Компания ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылады, орнықты дамуды қамтамасыз етеді, мүдделі тараптар мүддесінің теңгерімін сақтайды.

Компания өз қызметінде Компанияның корпоративтік басқару кодексінде бекітілген мынадай орнықты даму қағидаттарын басшылыққа алады: заңдылық, жауапкершілік, өкілеттіктердің аражігін ажырату, есептілік, тиімділік, мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу.

Орнықты даму мыналармен интеграцияланады:

1. басқару жүйесі;

2. Компанияның 2015-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы;

3. тәуекелдерді басқару, жоспарлау (ұзақ мерзімді (жоспар), орта мерзімді (бес жылдық іс-шаралар жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді, есеп беру, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және басқаларын қоса алғанда, негізгі процестер, сондай-ақ органдардан бастап (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) және қатардағы қызметкерлермен аяқтағанда барлық деңгейдегі шешім қабылдау процестері.

Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспары

Компанияның орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспары жыл сайын әзірленеді және ҚР Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 288-НҚ бұйрығымен бекітілген Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің 174 және 176-тармақтарына сәйкес бекітіледі.

Компанияның орнықты даму саласындағы 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген №6 хаттама.

2022 жылға Жоспарда үш бағыт бойынша 17 іс шара қарастырылып орындалды:

- Әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру;

- Операциялық залалсыздыққа қол жеткізу;
- Компанияның трансформациясы.

Орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есеп толық көлемде орындалды және Компанияның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 9 ақпандағы шешімімен бекітілді.

Әлеуметтік жауапкершілік

Компанияның әлеуметтік саясаты Компаниядағы жұмысқа қанағаттану сезімін қалыптастыруға бағытталған және барлық жұмысшылар үшін әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жыл сайынғы негізде Компания қызметкерлерінің қатысу көрсеткішін есептеуге арналған сауалнама іске қосылып, оның нәтижелері бойынша қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күй деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 159-бабының 8-тармағына сәйкес Компанияның келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша жыл сайын оқытудан өтеді.

Әлеуметтік қолдау

2022 жылғы әлеуметтік қолдаудың негізгі құрамдастары:

- 1) сауықтыруға біржолғы көмек;
- 2) медициналық сақтандыру;
- 3) біржолғы жәрдемақылар.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 22 маусымдағы №4 шешімімен бекітілген "QazExpoCongress ҰК" АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына сәйкес Компанияның қызметкерлеріне олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

2022 жылы Компания қызметкердің өтініші бойынша материалдық көмектің мынадай түрлерін ұсынды:

- бала тууға байланысты 100 АЕК мөлшерінде - 15 қызметкерге;
- қызметкердің ата-анасының қайтыс болуына байланысты - 300 АЕК мөлшерінде-4 қызметкерге;
- қызметкердің емделуіне / операциясына байланысты "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Басқармасының шешімі бойынша 100 АЕК мөлшерінде - 2 қызметкерге.

Материалдық көмектің барлық түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысының 2-тармағына сәйкес төленеді.

Сондай-ақ, Компания қызметкерлеріне Компанияның іс-шаралар жоспарында (бюджетінде) көзделген қаражат есебінен медициналық сақтандыру беріледі және жылына 100 АЕК-тен аспайды.

Сонымен қатар, Компания қызметкерлеріне жыл сайын алдын ала белгіленген маршрут бойынша таңертеңгі және кешкі тасымалдау ұсынылады. Қызметкерлерді тасымалдау жұмысқа уақытылы және ыңғайлы жолмен жетуді қамтамасыз етудің танымал түрлерінің бірі болып табылады. Бұл шешім қызметкерлердің кейбір жеке көлік мәселелерін шеше алатын және Компанияда қызметкерлердің кеңсеге келуі мен кетуінің нақты және үйлесімді тәртібінің болуына мүмкіндік беретін бірқатар артықшылықтар ұсынады. Сондай - ақ, тасымалдауды ұйымдастыру - бұл менеджмент тарапынан қызметкерлерге қамқорлық көрсетудің жақсы тәсілі.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту

Қызметкерлерді кәсіптік оқыту және дамыту

Басқарманың 2021 жылғы 15 шілдедегі шешімімен бекітілген "QazExpoCongress" ҰК" АҚ қызметкерлерін кәсіптік оқыту және дамыту қағидаларына сәйкес қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және міндеттерді шешу үшін олардың кәсіптік және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімді, ептіліктер мен дағдыларды жаңарту және қосымша игеру мақсатында жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 02 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2020 жылғы 01 қыркүйектегі Мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру туралы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 7-тармағы аясында Компания 2021-2022 жылдар кезеңінде штат санын 2 штат бірлігіне оңтайландыруды жүргізді. Компания қызметкерлерінің штаттық саны 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 147 адамды құрады.

Қызметкерлердің орташа жасы - 36.

Қызметкерлердің білім деңгейі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

- 146 қызметкердің жоғары кәсіптік білімі бар;
- 1 қызметкердің арнайы орта білімі бар.

Бүгінгі таңда кәсіби және мансаптық өсу қызметкерлерді компанияда ұстап қалу себептерінің бірі болып табылады. Компанияға жақсы мамандар тарту немесе өзінің құнды қызметкерлерін сақтап қалу үшін Компания оларға даму мүмкіндігін береді.

2022 жылы Компания құрылымдық бөлімшелердің өтінімдеріне сәйкес 5 біліктілік арттыру курсын өткізді:

- "Қызметкерлер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек даулары", Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабының 8-тармағына сәйкес келісім комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша жыл сайын оқытудан өтуге міндетті (8 қызметкер).

- "Жоспарлау және бюджеттеу II: бюджет түрлері, жауапкершілік орталықтары бойынша бюджеттеу, процестік бюджеттеу" (2 қызметкер);

- "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау" (17 қызметкер);

- "Өрт-техникалық минимум" (37 қызметкер);

- "Квазимемлекеттік сектордың электрондық сатып алулары" (10 қызметкер).

Барлық біліктілікті арттыру курстары офлайн форматта өткізілді, курстар аяқталғаннан кейін Компания қызметкерлеріне тиісті сертификаттар мен біліктілік куәліктері берілді.

Бұдан басқа, 2022 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі "Мемлекетті басқарудың жаңа парадигмасы ретінде Жобалық менеджмент" тақырыптары бойынша онлайн-режимде конференция өткізді, дәріскер Ж.К. Даухарин экономика ғылымдарының докторы (Компанияның 30 қызметкері қатысты).

Қызметкерлер арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі 2022 жылғы 01 сәуірде "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау" тақырыбында онлайн-режимде семинар өткізді, дәріскер Р. Е. Баренов – ҚР СИМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру басқармасының басшысы (Компанияның 20 қызметкері қатысты).

Ынталандыру және команда қалыптастыру

Қызметкерлерді ынталандыру бағдарламасы еңбекақы төлеу жүйесі және қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, оқу және материалдық емес ынталандыру - құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапаттау ынталандырушы болып табылады.

Компаниядағы команда құрушы іс-шаралар ұйымшыл ұжымды құруға, қызметкерлер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға, сондай-ақ қызметкерлерді психологиялық жеңілденуге бағытталған.

Компания 2022 жылы әртүрлі форматтағы 9 команда құру іс-шарасын өткізді:

1. Қызметкерлерге ыңғайлы болу үшін №12 мемлекеттік емханамен бірлесіп Компания кешенінің Көрме орталығында қызметкерлерді коронавирустық инфекциядан (COVID-19) ревакцинациялау ұйымдастырылды;

2. Жалпы қалалық сенбілік аясында 16 сәуірде Көрме кешенінің аумағында ағаш отырғызу жүргізілді;

3. 2022 жылғы маусымда Компания қызметкерлерінің футбол командасы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 3 жылдығы аясында мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері арасында шағын футболдан турнирге қатысты;

4. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің 3 жылдығы аясында суреттер мен қолөнер қайырымдылық байқауына қатысқан балаларға арналған "Нұр Әлем" мұражайына экскурсия ұйымдастырылды;

5. Компания қызметкерлері үшін мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шаралар ұйымдастырылды: 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні және 7 мамыр Отан қорғаушылар күні;

6. "Дүниежүзілік тазалық күні (World Cleanup Day 2022)" айлығы мен жыл сайынғы экологиялық акциясы аясында 17 қыркүйекте ЭКСПО көрме кешенінің аумағын тазарту жұмыстары жүргізілді. Сенбілік соңында Компания қызметкерлері Геннадий Головкиннің жекпе жегін қолдау үшін флешмоб ұйымдастырды;

7. 15 қазанда Қазақстан Республикасы Күнін мерекелеу қарсаңында Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп Астана қаласының аумағын абаттандыру және санитарлық тазарту жөніндегі экологиялық акцияға қатысты;

8. Жаңа жыл қарсаңында Қоғам қызметкерлерінің 12 жасқа дейінгі балалары арасында "Мен және менің елім" тақырыбында балалар суреттерінің көрмесі өткізілді;

9. 25 желтоқсанда "Нұр Әлем" Сферасында Компания қызметкерлерінің балаларына арналған жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырылды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Терроризмге қарсы қорғалуды, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті, объектілерде тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау Компания қызметінің басым бағыттары болып қала береді.

Осы учаскелерде де, кешенді қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелеріне де қолданылатын тәсілдер үздіксіз жетілдірілуде.

Жалпы басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылатын қауіпсіздікті басқару бекеті Компанияның аумағы мен объектілеріндегі жағдайдың барысына тәулік бойы бақылауды жүзеге асырады. Штаттан тыс жағдайларды уақтылы анықтау, оқшаулау және жағымсыз салдардың туындауына жол бермеу үшін тартылған күштер мен құралдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Компания қауіпсіздік мәдениетін жақсартуда және өрт қауіпсіздігі талаптарын саналы түрде сақтау деңгейін арттыруда үнемі жұмыс жүргізуде. Өрттен қорғау жүйелері мен құралдарының жай-күйіне, жұмысқа қабілеттілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Есепті кезеңде профилактикалық сипаттағы 48 нұсқама және әңгімелер өткізілді. Өрт қауіпсіздігі нормалары мен талаптарының 75 бұзушылығы анықталып, тиісті ден қою шаралары қабылданды.

Террористік тұрғыдан осал Қоғам объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды.

Терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу және қайта құрылатын объектілерді іске қосуға дайындық кезінде ескерілді.

Есепті кезеңде Компания объектілерінде 38 күзет іс-шарасын, 45 елдің елшілері мен 31 делегация мүшелерінің сапарларын, 56 мәдени-бұқаралық іс-шараны өткізу кезінде қауіпсіздік және құқықтық тәртіп шаралары іске асырылды.

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Компания қызметкерлері жазатайым оқиғалардан сақтандырылған.

Бизнес-процестерді автоматтандыруды енгізу

2022 жылы ішкі бизнес-процестерді автоматтандыру іс-шараларын орындау үшін Басқарма шешімімен бекітілген Қоғамның бизнес - процестерін автоматтандыру және оңтайландыру жүйелерін енгізу жөніндегі жоспар (бұдан әрі-Жоспар) әзірленді.

Жоспарда көзделген міндеттерді іске асыру мақсатында Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері қатарынан жұмыс тобы құрылды.

Одан әрі Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде аудит жүргізілді. Қорытындысы бойынша автоматтандырылуға тиіс бизнес-процестердің тізбесі (кадрлық іс жүргізу, бюджеттік жоспарлау және т.б.) әзірленді және бекітілді.

Сатып алу рәсімдері өткізіліп, олардың негізінде ішкі бизнес-процестерді автоматтандырудың кешенді жүйесін (бұдан әрі - Жүйе) пысықтау бойынша қызмет көрсету шарты жасалды. Орындаушымен бірлесіп, Жүйені енгізу бойынша 2023 жылға арналған жоспар-кесте жасалды.

Бұл жоспар-кесте барлық қажетті тестілеуді және қызметкерлерді оқытуды ескере отырып, Жүйені жыл ішінде кезең-кезеңімен енгізуді көздейді. Жоспар-кестеге сәйкес, қажетті жабдықтар мен бағдарламалық жасақтаманы орнату және конфигурациялау сияқты дайындық жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталды. Жүйені Компанияның бұрын қолданылған жүйелерімен интеграциялау бойынша жұмыстар жоспарланған.

Екінші кезеңде Компания қызметкерлерін жаңа жүйемен жұмыс істеуге оқыту, сондай-ақ оның барлық функциялары мен мүмкіндіктеріне тестілеу жүргізіледі.

Үшінші кезеңде кем дегенде бір айға созылатын Жүйені сынақ режимінде іске қосу қарастырылған. Осы уақыт ішінде Жүйені толық режимде іске қосқанға дейін түзетілетін ықтимал қателер мен кемшіліктер анықталады.

Тестілеуді сәтті аяқтағаннан кейін төртінші кезеңде Жүйені жұмысқа түпкілікті енгізу жүргізіледі. Осы кезеңде барлық қажетті күйге келтірулер мен баптаулар жасалады, сонымен қатар Жүйенің барлық функциялары мен мүмкіндіктері тексеріледі.

Қорытындылай келгенде, Жүйені енгізу Компанияның ішкі бизнес-процестерін жеделдетуге және оңтайландыруға, қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттыруға және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сенімділікке бағытталған қызмет көрсету жүйесін енгізу (RCM)

RCM (Reliability Centered Maintenance) - жүйенің сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін ең тиімді қызмет көрсету және жөндеу стратегияларын анықтауға мүмкіндік беретін техникалық жүйелердің сенімділігін бағалау және басқару әдістемесі.

RCM техникалық жүйе орындайтын функцияларды талдауға және осы функциялардың бұзылуына әкелуі мүмкін ықтимал ақауларды анықтауға негізделген. Одан соң осы ақаулардың салдарын бағалау жүргізіледі және осы ақаулардың алдын алу немесе азайту үшін ең қолайлы техникалық қызмет көрсету және жөндеу стратегиялары таңдалады.

RCM ағымдағы пайдалану жағдайында жүйеде активтерден күтілетін өндірістік функциялардың орындалуына кепілдік беретін шаралар кешенін әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйенің ең аз техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындарымен сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін профилактикалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және бөлшектерді ауыстырудың оңтайлы үйлесімін анықтауға көмектеседі.

Белгіленген міндеттерді іске асыру шеңберінде 2022 жылы активтерді пайдалану жөніндегі өз бағдарламасын оңтайландыру және Қоғам қызметі үшін сыни өндірістік және технологиялық процестердің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында сенімділікке бағдарланған техникалық қызмет көрсетудің автоматтандырылған жүйесін (RCM) енгізу бойынша жұмыс аяқталды.

Қазіргі уақытта RCM мынадай сервистер бойынша өтінімдерді қабылдауды және оларға қызмет көрсетуді қамтиды: Талшықты-оптикалық байланыс желілері, Базистік-телекоммуникациялық сервистер, техникалық регламент беру, Кросстыққа қолжетімділік, Рұқсат алуға өтінім, Инженерлік жүйелер, Клининг, Материалдық рұқсаттама, Мобильді топ, Шлагбаумға қызмет көрсету, Кешенді қауіпсіздік қызметі, Дабылдың іске қосылуы, Техникалық сүйемелдеу.

RCM-де кезеңділікке байланысты жұмыстарды автоматты түрде қалыптастыру үшін "Активтерге техникалық қызмет көрсету" тізілімінде маршруттар бапталған. "Техникалық қызмет көрсетуді орындау" функционалы автоматтандырылған. Жүйе берілген жоспар бойынша техникалық қызмет көрсетуді бөліп, жұмыстардың басталғаны туралы Орындаушыны хабардар етеді.

"Проблема": ТС және СЭО мәселелері функционалы автоматтандырылған. Активке байланысты қызметтердің маршруттары активтің сынды белгіге жету мәселесін автоматты түрде қалыптастыру үшін бапталған.

Тізілімдегі проблемалар бойынша есепті, сондай-ақ активтің түгендеу нөмірі бойынша есепті қалыптастыру мүмкіндігі іске асырылды.

Осылайша, RCM ағымдағы пайдалану жағдайында жүйеде активтерден күтілетін өндірістік функциялардың орындалуына кепілдік беретін шаралар кешенін жасауға мүмкіндік берді. Ол профилактикалық қызмет көрсетудің, бөлшектерді жөндеудің және ауыстырудың оңтайлы үйлесімін анықтауға көмектесіп, бұл жүйенің ең аз техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындарымен сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

9-бөлім. Экологиялық саясат

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесінің объектілерін қайта құру кезінде қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуға ықпал етеді, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдайды, экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі.

2022 жылғы тамызда В2.2 павильонын қайта құру жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманың "OMIR кеңселік ғимараттар" ғимараттарды экологиялық сертификаттау жөніндегі Қазақстанның жасыл құрылыс индустриясына қатысушылар консорциумы стандартының талаптарына сәйкестігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша объектіге (В2.2 павильонына) "Алтын" деңгейі (алдын ала сертификат) берілді.

Астана ЭКСПО - 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесінің мұра объектілерін қайта құру және пайдалану

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №204-ө бұйрығымен бекітілген жобалау алдындағы және жобалау құжаттарын әзірлеуде қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің, сондай-ақ ҚР Конституциясының талаптарын, ҚР халықаралық шарттық және өзге міндеттемелерін, ҚР Су кодексін; ҚР Орман Кодексін, ҚР Жер кодексін, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы"

ҚР Заңын және т. б. ескере отырып орындалады.

Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі шаралары мыналарды қамтиды:
атмосфераға ластаушы және озонды бұзатын заттардың шығарындыларын азайту;

- құрылыс объектісінде, оның ішінде жолдарда шаңды басу жөніндегі іс-шаралар;
- шу деңгейін бақылау бойынша іс-шаралар;
- биологиялық әртүрлілік қаупінің алдын алу;
- қалдықтарды басқару;
- ресурс үнемдеуші және таза технологияларды әзірлеу және енгізу;
- тасымалдау.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдарынан басым болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы).

Қазақстан Республикасының биологиялық әртүрлілікті сақтау жөніндегі БҰҰ Конвенциясының тарапы ретінде ("Қазақстан Республикасының биологиялық әртүрлілік туралы Конвенцияны мақұлдауы және онда қарастырылған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 19 тамыздағы № 918 қаулысы) жүзеге асырылатын ұлттық жоспарларда, бағдарламалар мен саясатта биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану, оларды мониторингілеу және қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша міндеттемелері бар.

Осының негізінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тікелей шаралар негізінен көрме объектілерін салу сатысында іске асырылды, оның барысында табиғи компоненттерге неғұрлым елеулі әсер көрсетіледі және көрме объектісін кейіннен экологиялық тұрғыдан пайдалану негіздері қаланады.

Қоршаған ортаға әсерді азайту үшін құрылыс учаскесінде және зауытта бір мезгілде жұмыс жүргізуді көздейтін "Астана ЭКСПО - 2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесі" объектісін салудың модульдік әдісі таңдалды. Модульдік құрылыс әдісінің мынадай артықшылықтар бар:

- Құрылыстың қысқа уақытта жүргізілуі. Таңдалған құрылыс әдісі жобаны іске асыру мерзімін 50-60% – ға қысқартады. Модульдер өндірісі қыс айларында да жалғаса береді, ал оңтайлы кезең басталған кезде оларды тез орнатуға болады.

- Сапаны жақсарту. Бақыланатын зауыттық жағдайлар жергілікті құрылыс әдістерін қолданғаннан гөрі дәлірек және сенімді өндірісті білдіреді және осының арқасында қалдықтар көлемі азаяды.

- Құрылыс процесінде жалпы теріс әсердің төмендеуі. Құрылыс алаңынан тыс өндіріс шу, шаң және жергілікті жерге әсерін айтарлықтай төмендетеді.

Қазақстан Республикасының "Жасыл экономикаға" өтуі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес «QazExpoCongress» ҰК» АҚ "Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" ЕурАзЭҚ техникалық регламентіне, BREEAM (Building Research Establishment Environmental Assessment Method) халықаралық жүйесі бойынша объектілерді сертификаттауға, Қазақстанның жасыл құрылыс индустриясына қатысушылар консорциумының «OMIR» ғимараттарды экологиялық бағалау жүйесі бойынша объектілерді сертификаттауға сәйкес келу жолымен өзін "Жасыл экономика" қағидаттарын ұстанатын ұйым ретінде көрсетеді.

Байланыс ақпараты




**Азаматтардың өтініштеріне арналған
электрондық мекенжай:**

kense@qazexpocongress.kz

Хаттарды қабылдауға арналған кеңсе телефоны:

+7(7172) 91 71 22, 91 70 18, 91 70 22

факс +7 (7172) 91 71 39



1-қосымша.

Есеп туралы

Компанияның жылдық есептері жыл сайын дайындалады. Осы жылдық есеп Компанияның 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі қызметінің нәтижелерін көрсетеді. Алдыңғы жылдық есеп 2022 жылдың қарашасында жарияланды.

Есеп кешенді түрде мыналарды көрсетеді:

- Компания қызметінің нәтижелері
- стратегиялық міндеттер
- корпоративтік басқару және орнықты даму саласындағы қызмет
- алдағы жылға арналған мақсаттар мен міндеттер
- жетістіктер мен табыстар

Есеп Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға айтарлықтай әсер ететін тақырыптарды, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін маңызды мәселелер туралы ақпаратты айқындайды.

Есеп кең аудиторияға қолжетімді, түсінікті жазылды.

Есеп үшін барлық мәліметтерді тоқтың бейіндік бөлімшелері ұсынды және дұрыс баяндалған.

Барлық маңызды тақырыптар бойынша ақпарат жан-жақты ұсынылған және мүдделі тараптарға топ қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Барлық деректер ішкі және ашық құжаттармен расталады.

Есеп 2022 күнтізбелік жылға арналған ақпаратты ұсынады, 2023 жылы жарияланады.

Есепте Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің шешімімен бекітілген "QazExpoCongress" ҰК" АҚ Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес негізгі деректер айқындалған.

Есептің сапасы дәлдік, тепе-теңдік, айқындық, салыстырмалылық, сенімділік және уақтылық қағидаттарының сақталуымен қамтамасыз етілген.

2022 жылғы маңызды оқиғалар:

- XXV мерейтойлық Санкт Петербург Халықаралық экономикалық форумына қатысуды қамтамасыз ету;
- "EXPO" Халықаралық көрме орталығында ("EXPO" ХКО) 30-ға жуық іс - шара, Конгресс-орталықта 48 іс-шара, 2 жеке іс-шара өткізілді;
- Қазақстан Республикасының Дубай қаласындағы EXPO 2020 Дүниежүзілік көрмесіне қатысуын қамтамасыз ету;
- ҚР Ұлттық павильоны Exhibitor Magazine халықаралық журналының нұсқасы бойынша "Көрме тақырыбын ашу" бас номинациясында 2-орын, "Үздік презентация" номинациясында 1-орын, "Үздік павильон" номинациясында 3-орын алған EXPO Awards наградаларын табыстау;
- "Astana Hub" IT-стартаптар Халықаралық технопаркінің ғимаратын С3.6 павильоны Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қайта құру (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау)" объектісі бойынша қайта құру жүргізілді.

2-қосымша.

«QazExpoCongress» ҰК» АҚ-ның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (жеке және шоғырландырылған), KPMG аудиттелген халықаралық консалтингтік компаниясы.

